



# АЛАТАУ АРАЙЫ

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_araiy@mail.ru  
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№ 28 (477) // 14 наурыз // сенбі // 2026 жыл

## Көрісу күні құтты болсын!



Қолжазғы жазғаны – Өлжіп ІЗЕКЕНОВ



### Амал



Амал күні қазағым көріседі,  
Көрісу, бұл көненің желісі еді.  
«Жасың құтты болсын!» деп жамырасып,  
Ақ ниетпен адал қол беріседі.

Көріседі – қайғы-мұң кетіруге,  
Көріседі – қайтадан жетілуге.  
Алты ай қыстан арыған жанын демеп,  
Көріседі – бел буып, бекінуге.

Бұзуга бұл дәстүрді еш бата алмайды,  
Тірі пенде тып-тыныш жата алмайды.  
«Ырыс алды – ынтымақ, бірлік қой» деп,  
Абыз шалдар алыстан мақалайды.

Көріседі – «Көңілдер жібісін» деп,  
Көріседі – «Тасысын ырысың!» деп.  
Көріседі – «Көк мұз да жылысын» деп,  
Көріседі – «Оң болсын Ұлысың!» деп.

Ағайынды араздық ірітеді,  
Ауызбірлік, ынтымақ-үгіт – емі.  
Ескі жылда қатқан мұз, қалған сызды  
Көріскен күн көңілмен жібітеді.

Қаймана елді қаратқан ауызына,  
Қарттарыма қарсы тіл қата алмайды.  
Қушақтасып, көрісіп қуанышпен,  
Ауыл-үйдің арасын сапарлайды.


Рахат ҚОСБАРМАҚ



3-бет

## ТАЛҒАМ МЕН ТОЛҒАМ

«Сыр-сандықты» ашқан Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали Мақатаевтың сырлы әлеміне бойлады, оқырманға мүлдем бөлек ақын Мұқағалидің жұмбақ әлеміне енді. Оның белгісіндей «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» деген кітап жарыққа шықты. Мұқағали Мақатаев ағамыздың өзі «Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін поэма» деген екен. Иә, ақын бейнелеп сөйлейді. Көркемдеп кестелейді, өмірін бір ғана дастан деп бағалайды. Сол өмір-дастанды тану оңай ма? Жақыпжан достың хикаяттары мен эссе-әңгімелерін Мұқағалидай ақиық ақынға қойылған монументтік ескерткіш деп бағалауға болады. Мұқағали ақынның да, оның жыр-өлеңінің сырына үңілген Жақыпжан Нұрғожаев та осындай сырлы әдеби дүниелерімен асақтап, Хантөңіріндей биікте көрініп тұр.



6-бет

## АҒЫРАПТАҒЫ АТЫ ЖОҚ АДАМ

«Ағырап – жұмақ пен тозақ арасындағы мекен. Қиямет таразысында жақсылығы мен жамандығы тең тартқан құлдар жұмаққа бара алмайды». Екі әлемнің шекара шебінде шерменде күйге түскен жандардың оқиғасы Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам» туындысының арқауына айналған. Романда басты кейіпкердің аты мүлде аталмайды. Себебі бұл тек бір адамның басындағы қасірет емес, ағыраптың таразы тасында теңселіп күн кешкен көпшіліктің жан айқайы, арман күнді аңсап айтқан жоқтауы. Елдестің есінен айырылып, жарымжан күйге түскенде де өткен шақтың белгілері сөзі мен іс-әрекетінен көрініс табатын тұсы бар. Ғұмыр жолында көңілде қалған, тәнде таңбаланған ауыртпалық адам жанынан өшпейді. Жанның жарасын кеудеден ешкім суырып ала алмайды.

### ● БӘРЕКЕЛДІ!



## ЕЛ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНДІ

Іле ауданының Көкқайнар және Береке ауылдарында дәрігерлік амбулатория ашылды. Қос нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Марат Сұлтангазиев қатысып, ауыл тұрғындарының қуанышымен бөлісті.


### ● Алма ЕСЕНБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт саулығы – қуатты мемлекеттің кепілі. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі ең алдымен ауылдық жерлердегі медицинаның сапасына байланысты», – деген болатын. Бүгінгі шара – осы стратегиялық бағыттың нақты көрінісі.

– Алдағы уақытта да халықтың қажеттілігіне қарай жаңа мектептер, медициналық нысандар мен басқа да әлеуметтік инфрақұрылым салу жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасады. Мұның бәрі мемлекетіміздің әлеуметтік саясатты тұрақты түрде дамытуға басымдық беріп отырғанын көрсетеді. Бүгін ашылып отырған медициналық орталық Көкқайнар тұрғындарының игілігіне қызмет етіп, халық денсаулығын нығайтуға өз үлесін қосады деп сенемін, – деді өз сөзінде Марат Елеусізұлы.

(Соңы 2-бетте) ➔

### ● ҚОНЫСТОЙ



## БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Қонаев қаласында әлеуметтік осал топтағы 50 азаматқа «Comfort» тұрғын үй кешенінен жаңа баспана кілті табысталды. Ізгі шараға облыс әкімі Марат Сұлтангазиев қатысып, пәтер иелерін қоныстоймен құттықтады.

### ● Гүлзат БАЙҚОНЫС

– Тұрғындар үшін сенімді болашақ пен әлеуметтік кепілдікті камтамасыз ету – мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі. Бүгінде облыс бойынша 70 мыңға жуық адам үй кезегінде тұр. Оның ішінде әлеуметтік осал топқа жататындар саны – 21 510 адам. Өткен жылы 27,5 млрд теңгеге 1700 үй сатып алынды. Оның 1500-і әлеуметтік осал топтарға, қалғаны жалпы кезекте тұрған жандарға арналған. Сондай-ақ биыл 2500 пәтерге ұсыныс беріліп, оның 246-сын сатып алуға 5,3 млрд теңге қаражат бөлінді. Жалпы жыл соңына дейін 2 мыңға жуық облыс тұрғыны жаңа баспанаға қол жеткізеді. Одан бөлек жергілікті бюджет есебінен 80,6 мың шаршы метр болатын 1018 пәтерлі 20 несиелік тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, – деген облыс әкімі қаншама отбасыны шаттыққа бөлеп, пәтерлердің уақытылы табысталуына себепші болған мердігер «GS QURYLYS» компаниясына ризашылығын айтты.

«Отбасы банк» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Қуаныш Ұласбековтің айтуынша, Қонаев қаласы әкімдігі наурыз айына дейін 120 пәтерді иелеріне тапсыруға ұсыныс берген. «Қазіргі таңда 100 азаматтың тізімі нақты шықты. Ай соңына дейін қалған 20 адам пәтер иесі атанады. Облыс орталығындағы баспаналардың бәрі жалға берілді. Мұндай мүмкіндік биыл бірінші рет болып тұр. Осыған дейін пәтерлер тек несиеге рәсімделген. Мысалы, Еңбекшіқазак ауданында 1 шаршы метрі 160 мың теңгеге бағаланып, 20 жылға дейін 2-5 пайызбен берілуде. Одан бөлек Қарасай, Талғар, Іле және Жамбыл аудандарында да осындай несиелік пәтер кілттері иелеріне табысталуда», – деді Қуаныш Серікұлы.

Баспана бақытына бөленген жанның бірі – көпбалалы ана Мая Қасымова: «Үй кезегінде тұрғаным 12 жыл болды. Бес перзентім бар. Пәтерге қолым жеткеніне өте қуаныштымын. Осындай мүмкіндік берген облыс және қала әкімдігіне алғысым шексіз», – деп жылы лебізін білдірді.



● **ӨРЛЕУ**



## Ынтымақтастық артады

**Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Ресей Федерациясы Новгород облысы губернаторының бірінші орынбасары Евгений Богдановпен кездесті. Облыс әкімдігінде өткен жүздесуде аймақ басшылары екіжақты ынтымақтастық жайын талқылады.**

● **Ерзат АСЫЛ**

Көрші ел делегаттарын ыстық қыласпен қарсы алған Марат Елеусізұлы өз сөзінде соңғы жылдары

Алматы облысы мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың нығая түскенін жеткізді. Былтыр Алматы облысы мен Ресей арасындағы тауар айналымы 16 пайызға артқан.

– Бүгінде Алматы облысында Ресейдің және бірлескен капиталдың қатысуымен 216 кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл – екіжақты іскерлік ынтымақтастықтың жоғары деңгейінің көрсеткіші. Аймақта ауқымды инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар белсенді түрде іске асырылуда. Өзара ынтымақтастықты нығайтуда өңірлердің мүмкіндігі зор. Новгород және Алматы облыстары агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық бағытта айтарлықтай әлеуетке ие, – деді Марат Елеусізұлы.

Өз кезегінде Новгород облысы губернаторының бірінші орынбасары Евгений Богданов аталған аймақтың өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларындағы басымдықтарын атап өтті. Сонымен қоса, екі облыс арасындағы байланыс әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасына жол ашатынын тілге тиек етті.

Кездесуде аймақаралық ынтымақтастық және сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және білім беру салаларындағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жайы қаралды.

● **ЖИЫН**



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

## БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ – ОРТАҚ МАҚСАТ

**Облысқа жұмыс сапарымен келген «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Қанат Шарлапаев Қонаев қалалық Мәдениет үйінде жергілікті кәсіпкерлер қауымымен кездесті. Жиын басталмас бұрын қатысушылар өңірдегі кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер тарапынан өндірілген өнімдердің көрмесін тамашалады.**

● **Айжарық КӨПТІЛЕУОВ**

Мемлекет пен бизнес арасындағы өзара сенімді нығайтып, ортақ мақсаттарды талқылауға арналған маңызды басқосуда алғашқы сөз кезегін алған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев аймақтың инвестициялық әлеуетін арттыру шаралары ірі кәсіпорындардың ғана емес, шағын және орта бизнестің де дамуына мүмкіндік беріп жатқанын атап өтті.

– Кәсіпкерлердің мәселелерін жүйелі түрде талқылау және тиімді шешімдер қабылдау бағытында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен тығыз әріптестік орнатылған. Олардың ұсыныстары мен бастамаларын ескере отырып, өңірлік деңгейде нақты шаралар қабылдануда. Дегенмен әлі де бірқатар өзекті мәселе бар. Субсидия бойынша биыл бюджеттен бөлінген 39,4 млрд теңгенің 96 пайызы былтырғы қарыздарды жабуға бағытталады. Сонымен қатар республикалық бюджет есебінен инвестициялық жобаларды несиелендіру бойынша 52 шаруашылық 140 млрд теңгеге өтім берген. Оның 32 млрд теңгесін жеке қаражат есебінде салуға ниетті. Осы бағдарлама бойынша облысқа 5,0 млрд теңге бөлінді, қажетті қаражат – 103 млрд теңге. Былтыр әрбір бюджеттен бөлінген 1 теңгеге 24 теңгеден өнім алынып, экономикалық тиімділігін айқындады. Осы жағдайды ескеріп, агроөнеркәсіптік бастамаларына қосымша қаражат бөлу мәселесін көтеруді ұсынамын, – деген аймақ басшысы бизнесті жүргізу үшін барынша қолайлы жағдай қалыптастыру, әкімшілік кедергілерді азайту және мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту негізгі міндеттердің бірі екенін айтты.

Мінбеге көтерілген Қанат Шарлапаев бүгінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлі бизнесті қолдау, Үкіметпен диалогты арттыру, шешімдерді талдап, олардың экономикалық әсерін қарастыру екеніне тоқталды. Сонымен бірге кәсіпкерлер көтерген мәселелерді қарастырып,

талқылап, бірлесіп орталыққа жеткізетін өңірлік палаталардың рөлін күшейтіп, олардың орталық аппаратпен байланысын арттыру керегін тілге тиек етті. Қазіргі кезде өңірлерге инвестиция тарту барысында инфрақұрылым мәселесі өте өзекті болып отырғанын, сондықтан осы жұмысты жергілікті атқарушы органдар, Үкімет пен қаржы ұйымдары бірлесіп іске асырылу керегін алға тартты. Белсенді инвестор электр қуаты болмаса, жобасын іске қоса алмайтындықтан, оған бірлескен көмек көрсетілуі қажеттігін қаперге салды. Сонымен бірге отандық өндірушілердің жаңа реестрі мен ұлттық тауарлар каталогы жайлы мағлұмат беріп, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған бағдарламалар әзірленіп жатқанынан хабардар етті.



Келесі кезекте облыс прокуроры Берік Адамов сөз алып, прокуратура, әкімдік және кәсіпкерлер палатасының бірлескен жұмысы туралы сөз қозғайды.

– Апта сайын инвесторларды бірлесіп қабылдаймыз, онда білікті заңгерлік кеңес беріледі, жан-жақты қарауды талап ететін өзекті мәселелер өндірістік қарауға алынады. Былтырдан бастап жұмыс істейтін «Мобильді прокурор» қосымшасы арқылы әрбір кәсіпкер прокуратура органдарына өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін жүгіне алады. Ендігі кезекте мемлекеттік, жергілікті

атқарушы және бақылау-қадағалау органдарының тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдануға, тексерулер жүргізуге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс қозғауға, сотқа талап қоюға байланысты шешімдері міндетті түрде прокурормен келісіледі. Заңнамада тексеру жүргізуге негіздер мен тексеру тағайындау туралы актінің, хабарламаның болмауы, хабарлау мерзімдерінің сақталмауы және басқа да жағдайлар бойынша тексеру тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған, – деді Берік Абызбайұлы.

Облыс прокурорының айтуынша, былтыр 5 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар прокурорлар кәсіпкерлерге мемлекеттік қызметтер мен жер учаскелерін беруден заңсыз бас тарту деректері бойынша 8 лауазымды тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Үш жыл ішінде жер телімін бөлу, инженерлік желілерге қосылу, мемлекеттік жеңілдіктер мен преференциялар алу мәселелерімен прокурорлар тарапынан шамамен 8 мың кәсіпкердің құқығы қорғалып, 138 инвестордың 64 кейсі

шешілген. Құс етін өндіруші «Прима Құс» компаниясына 1,2 млрд теңгеден астам субсидия алуға, балмұздақ өндіретін «Шин Лайн» зауытының су тұтыну көлемін арттыруға көмек көрсетілген. Сонымен қатар бірқатар ірі компаниялардың бұрын заңсыз бас тартылған жер телімдерін алуына қол жеткізіліп, құқыры орындар тарапынан салынған шектеулер алынған.

Жиын соңында Қанат Бисимбайұлы кәсіпкерлердің сұрақтарына жан-жақты жауап беріп, тиісті министрліктерге жеткізетінін айтты.

## ЕЛ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНДІ



← (Басы 1-бетте)

Бұдан соң ғимарат лентасы қиылып, ауыл тұрғындары жаңадан ашылған амбулаторияның мүмкіндігімен танысты. Жалпы ауданы 448 шаршы метрден асатын мекеме толықтай соңғы технологиялық талаптарға сай жабдықталған. 20 мың тұрғынға қызмет көрсететін нысан күніне 150 адамды қабылдай алады. Мұнда диагностикалық және емдеу процестері заманауи стандарттарға сай ұйымдастырылған. Орталықтағы озық кешендер мен телеметриялық жүйелер ауыл жағдайында жедел әрі нақты диагноз қоюға, тиісті емді кешіктірмей жүргізуге толық мүмкіндік береді. Отызға тарта білікті маманнан тұратын ұжым жалпы практикалық дәрігерлік көмекпен қатар, акушерлік-гинекологиялық және консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетеді.

Бұдан соң Береке саяжайындағы дәрігерлік амбулаторияның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев ел игілігіне бағытталған істің халықтың әл-ауқатын арттырудағы нақты қадам екенін атап өтті. Бұл медициналық орталықтар «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынғанын, оның мақсаты – ауыл тұрғындарына қолжетімді әрі сапалы медициналық қызмет көрсету екенін жеткізді. Осындай бастамалардың нәтижесінде елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылым біртіндеп жаңарып, тұрғындардың тұрмыс сапасы артып келе жатқанын алға тартты. Осындай игі істің жүзеге асуына үлес қосқан мердігер – «Капитал Строй Проект групп» компаниясына ризашылығымызды білдіріп, бұл бірлескен еңбектің нәтижесі екенін айтты.

Жалпы аумағы 396 шаршы метрден асатын жаңа ғимарат заманауи талаптарға сай толық жабдықталған. Мұнда 26 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетіліп, күніне 150 адам ем-шара қабылдай алады. Медициналық тексеру мен емдеу жұмыстары заманауи стандарттарға сай жүргізіледі. Орнатылған жаңа құрал-жабдықтар дәрігерлерге диагнозды жылдам әрі дәл қоюға, қажетті емді уақытында бастауға мүмкіндік береді.

Орталықта жалпы дәрігерлік көмектен бөлек, акушерлік-гинекологиялық және кеңес беру-диагностикалық қызметтер көрсетіледі. Ең бастысы, Көкқайнар ауылы мен манайдағы саяжай тұрғындары енді медициналық көмекті қолайлы жағдайда ала алады. Бұл ауыл халқы үшін үлкен қуаныш, ал саяжай тұрғындары үшін бұрын-соңды болмаған зор игілікті іс болғаны анық.

Іле ауданы



● **БРИФИНГ**

## Жасанды интеллект жүйесі басқару тиімділігін арттырады

**Цифрландыру және жасанды интеллект жылына орай облыста 50 іс-шараны қамтитын арнайы жоспар бекітілген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Жандос Ақыл мәлімдеді.**

● **Гүлзат БАЙҚОНЫС**

– Облыста республика бойынша алғашқылардың бірі болып «Qonaev AI» өңірлік жасанды интеллект жүйесі әзірленді. Аталған жүйе әкімдік пен басқармалардың деректерін біріктіріп, соның негізінде талдау жасап, шешім ұсынады. Бұл басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өңірде 2 мыңнан астам бейнебақылау камерасына жасанды интеллект қызметі енгізілді. Олар бет-әлпетті тану, қалдырылған заттарды анықтау және адамдардың көп жиналуын бақылау арқылы қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға септігін тигізеді, – деген Жандос Қанатұлы әр салада жасанды интеллект әсерінен енгізіліп жатқан өзгерістер туралы баяндады.

Медицина саласында «PACS» жүйесі іске қосылған. Бұл жасанды интеллект арқылы рентген, КТ, МРТ, маммография арқылы бірден байқала қоймайтын өзгерістерді көрсетіп, ауруды ерте кезеңде анықтауға, диагноздың дұрыс қойылуына көмектеседі. Дәрігердің жұмысын жеңілдетеді. Орман шаруашылығы саласында өрттің алдын алуға арналған жоба да әзірленген. Қазіргі таңда өрт қаупі жоғары 18 мекенде арнайы камералар орнатылуда, ол 30 шақырым аумақта түтін мен жалынды автоматты түрде танып, қауіпті жағдай туралы жедел хабар береді.

Биыл Сүлеймен Демирел университетінде «Tomogrow School» бағдарламалау мектебі ашылмақ. Бұл студенттердің ақпараттық технология саласындағы білімін дамытуға және нақты жобаларды іске асыруға, тәжірибе мен командалық жұмыс арқылы жасанды интеллекттің неғүрге мүмкіндік береді. Білім алушылар онда 12 ай бойы оқиды. Бір жыл ішінде 3000-ға жуық студент қатысады деп жоспарланған. Ал 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге «TUMO Center» жобасы дайындалуда. Онда бағдарламалау, робототехника, дизайн, анимация және жасанды интеллекттің қыр-сырын меңгеруге болады. Одан бөлек, «Alatau Hub» инновациялық орталығында да оқыту іс-шараларын өткізу көзделген.

Райымбек ауданы Нарынкол ауылында пилоттық тәжірибе негізінде «Freedom» компаниясының тегін Wi-Fi желісін орнату жоспарлануда. Спикердің айтуынша, қазіргі таңда шалғай аудандардағы он ауылда интернет мәселесі өзекті болып тұр. Бұл түйткіл «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2026-2027 жылдары шешімін таппақ.

Брифинг барысында Қонаев қаласы әкімдігімен бірлесіп жасалған «ақылды» аялдамалар жайлы да айтылды. Оның басты ерекшелігі – аялдама толығымен жабылған. Яғни қыста жылы, жазда салқын болып тұрады. Бейнебақылау камералары, Wi-Fi іске қосылған. Жолаушылар электронды табло арқылы автобустың келу уақытын бақылай алады. Телефонды қуаттау құрылғылары да орнатылған.



● ЖАЗУШЫ-ПУБЛИЦИСТ ЖАҚЫПЖАН НҮРҒОЖАЕВ – 80 ЖАСТА!

**Біз – «Жетісу» газетіненбіз. «Біз» деп отырғаным, газетімізде қызметімізді қатар бастап, сыйластық пен сырластықта жүрген, кемел журналист, атпал азамат – Жақыпжан Нұрғожаев. Мен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне 1972 жылы жұмысқа орналастым. Хатшылықта Марат Тоқашбаев, Рақымжан Өтегенов, Жақыпжан Нұрғожаев, Тұрлыбек Мәмесейітов жұмыс істеп, бәрі ҚазГУ-дың журналистика факультетінде сырттай оқиды екен. Осы жерде таныстық, жақын араластық. Оның үстіне бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып сайланым. Біз бұрынғыдан да жақындасып кеттік. Кейін Жақыпжан «Лениншіл жас» газетіне ауысып кетті. Бірақ достық қарым-қатынасымыз жалғаса берді.**



Бірде Нарынқол ауданына іссапарға бардым. Ол кезде Комсомол-жастар шопандар бригадасының дәуірлеп тұрған шағы. Өкіметтің саясаты. Сондағы «Айғайтас» деген жердегі жас шопандар бригадасында болдым. «Жетісу» газетінде «Жас түлек» атты ай сайын арнайы жастар бетін шығаратын едім. Соған Нарынқолдың шопандар бригадасы жөнінде шағын суреттеме жаздым.

Бірде телефон шыр ете түсті. Көтерсем, Жақыпжан Нұрғожаев екен. Неге екенін қайдам, бір-екі жас үлкендігі болса да, маған «Уәке» дейтін. Ал мен «Жақа» дейтінмін.

– «Жас түлекке» шыққан мақаланды оқыдым. Соның негізінде, кеңейтіп, романтикалық лебі бар бізге бір бет мақала жазып бер.

Отырдым да жаздым. Сол мақала «Лениншіл жасқа» жарқ етіп жарияланды. Жарқ етіп дегенім, «Лениншіл жас» – ең көп тарайтын басылым. Оның үстіне газеттің беделі де жоғары. Журналистің есімін тез танымал етеді. Сонымен, мақала мені республикаға танымал етті. Газеттің «летучкасында» мақталыпты. Комсомолдың орталық комитетінің бірінші хатшысы Қуаныш Сұлтанов пен Алматы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Шәмші Беркімбаеваның назарына ілініпті. Шәмші Беркімбаеваның ұсынысымен Алматы облыстық Комсомол комитетінің пленум мүшесі және комсомол съезіне делегат болып сайландым. Бұл менің өміріме үлкен бетбұрыс әкелді. Арада біраз жыл өткен соң Комсомолдың орталық комитетіне әуелі нұсқаушы, содан соң баспасөз секторының менгерушісі болып бекідім.

«Жетісу» газетінде жақсы бір достар бар еді. Басқа қызметке ауысқанда «Бес қаруың бойында болсын, «Жетісуың» ойында болсын» деп қалам сыйлайтын. Сол «Жетісу» газетінің табалдырығынан басталған жол құтты болды. Кейін Жақыпжан дос «Жетісу» газетін 20 жылдай басқарып, зейнетке шықты.

Зейнеткерлік – шығармашылық адамы үшін жаңа кадам, жаңа жол. Журналист Жақыпжан жазушы Жақыпжанға айналды. Жәкең ақын Мұқағали Мақатаев туралы керемет көркем дүние тудырды. Ал Марат Тоқашбаев көрнекті публицист, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. «Халық кенесі», «Заң газеті», халықаралық «Қазақстан-ЗАНА», «Президент және халық» атты басылымдарда басшылық қызметтер атқарды, Қазақ теледидарында бас директор болды. Қоғам өмірінің қалтқысыз тамырысына айналды. Тұрлыбек Мәмесейітов көрнекті романист-жазушы, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Таңжарық ақынды туған халқына танытты. Сөйтіп дүниеден өтті.

Рахымжан Өтегенов 44 жыл ғана өмір сүрді. Бірақ артына өлеңмен күмбезді сөз қалдырып кетті. Менің де өмір жолым көпшілікке жақсы таныс. Ұлттық үш газетті – «Ұланды», «Жас Алашты», «Егемен Қазақстанды» басқардым. Үш шақырылымның депутаты болдым. Ғылыми-зерттеу институтын басқардым, академик атандым. Біз – «Жетісуданбыз», «Жетісу» газетінен қанаттанған қаламгерлерміз. Жақыпжан Нұрғожаев «Мұқағали» атты журналдың тізгінін қолына ұстады. Ұстады да, журналдың атын шығарды. Мұқағали Мақатаевты танудың жаңа дәуірі туды. Сол дәуірдің көшін де өзі бастады. Мұқағали поэзиясы мен өмірінің тылсым дүниесінің кілтін ашты.

«Сыр-сандықты» ашқан Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали Мақатаевтың сырлы әлеміне болады, оқырманға мүлдем бөлек ақын Мұқағалидің

жұмбақ әлеміне енді. Оның белгісіндей «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» деген кітап жарыққа шықты. Мұқағали Мақатаев ағамыздың өзі «Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін поэма» деген екен. Иә, ақын бейнелеп сөйлейді. Көркемдеп кестелейді, өмірін бір ғана дастан деп бағалайды. Сол өмір-дастанды тану оңай ма? Жақыпжан достың хикаяттары мен эссе-әңгімелерін Мұқағалидай ақиық ақынға қойылған монументтік ескерткіш деп бағалауға болады.

Сонымен, поэзия – ғұмырына, ғұмыры – поэзияға айналған Мұқағали туралы сыр-сандыққа үңілейік. Бір шығармасы «Мәңгілік аза күй (Реквием-хикаят)» деп аталады. Бұл Аскар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаевтың өмір өлшемін мерн ернектеліп, әлем әдебиетіндегі, әлем мәдениетіндегі В.Моцарттың, А.Сальеридің, Анна Ахматова мен Роберт Рождественскийдің реквиемін жазу барысындағы жан күйзелісін беру арқылы Жақыпжан Мұқағали ақынның тағдырлы жан дүниесін терең зерделейді.

Аскар мен Мұқағали арасындағы әңгіме-сыр астарынан ақиық ақынның мәңгілік шығарма жазу кезіндегі жанталасқан психологиялық, психикалық, эмоциялық, ғажап тебіренісін түсінесің. Ара-тұра, хикаят барысында екі адамның білімділік пен тарихитанымының тереңіне ой жүгіртесің. Әрине, бұл көркем туынды. Бірақ деректі. Сондықтан хикаят жаныңды толқытады, тебіренеді, түйсікті оятады. Ақынның болмысын, жан дүниесін басқаша танысың. Басқаша түйсінесің. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып, өзіне қайтарамын» деген ақын биігіне сүйсінесің.

Мұқағали ақын Вольфганг Амадей Моцарт өмірінің соңғы сәтін көзге елестетіп, өзінің де, өмірлік миссиясын сезінгендей болады. Вольфганг әйелі Констанцияға: «Рас айтам. Маған біреу у берген сияқты. Осы күдікті ойдан қашып құтылар емеспін. Қара киінген адамды күнде түсімде көремін. Ол менен «Реквиемді» сұрайды, тәрізі. Мен бұл «Реквиемді» беруге емес, өзіме арнап жазғандаймын», – дейді. Мұқағали Пушкиннің «Моцарт пен Сальерин» оқығанда оны өз басынан өткізгендей күйге түседі. Мұны Жақыпжан өте өрнекті етіп көрсетеді.

Аскар: «Мұқа, байқаймысың, Моцарт сізді біраз тереңіне батырған сияқты». Мұқағали: «Моцарт теңіз емес, мұхит қой, шіркін! ...Мен Моцарттың бізде қойылып жүрген операларын көріп-тыңдап жүрсем де, мына «Реквиемін» бірінші рет тыңдауым». Аскар: «Сұр киімге, оранған адам» Моцарттың қиялында «Қара адамға» айналып кеткен. Қара адам – мистикалық бейне. Мұқағали: «Сергей Есениннің «Қара адам» сияқты ғой, тәрізі». Осы арада автор Аскар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаевтың әңгіме ауаның, Данте Алигьеридің «Күдіретті комедиясы» туралы аудармасына назар аудартады. Бұрын білмеген, білсек те, оған онша мән бермеген деректерге тап боласың. Жерден жеті қоян таппай маз болсың.

Қайнекей Жармағамбетовтың «Ақын мен ажал» балладасы туралы айта келіп, Мұқанның «Чили, шуағым менің» атты кітабы туралы Аскар келесідей дерек келтіреді. Өйткені, біраз бұрын Қайнекей Жармағамбетов Павло Неруданың өлеңдерін аударып, кітап етіп жариялаған болатын. Қайнекей ақынның «Әй, Мұқаш, онсыз да қалт-

құлт етіп жүр едім, сен мені жылаттың ғой, жылаттың» деген сөздерін Аскар еске салады.

Аскар: «Қаза болар ғасырлар, замандар да» мықты айтылған сөз. Зады, өлім мен өмір туралы тереңнен қозғаған дүниенің бірі осы-ау, Мұқа? Мұқағали: «Шекспирдей болу қайда-а бізге? Шекспир демекші, ол бізде жеткілікті дәрежеде дерліктей аударылды. Әсіресе, Зейнолла Шүкіровтің тәржімасы – төрт аяғын тең басқан тендессіз дүниелер.

*Бейне бір тұтқын мен де үйде,  
Төсекте бұлып тастаған.  
Көңбеймін, дүние, бұл күнге,  
Кеңірек есік аш маған!*  
Шекспирді қазақша сайратқан нағыз Сыр сүлейі.

Иә, Дантеге қайта оралайық. Әуелде «Божественная комедия» «Тәңір тәлкегі» деп аударылған болатын. Үзінділері Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз бас редактор болған кезде «Лениншіл жасқа» жарияланып еді. Енді кітап болып «Жазушы» баспасына өткізілгенде баспаңың бас редакторы Мұхтар Мағауин оның атына келіспей, «Күдіретті комедия» деп атауға ұсыныс береді.

Мұқағалидің авторлық ремаркасы: «Күдіретті комедия» Дантенің пір тұтқан Декамеронның авторы Джованни Боккчонның қойған аты ғой. Жұрт «Демкамедиясы» соның үлгісінде «Адам комедиясы» деп атап кеткен. Кейін Оноре де Бальзак өз жинағын «Адам комедиясы» деп қояды. «Тәлкегіміз» жақсы еді-ау», – деп өкініп қалғандай, басымды шайқасам да, қисынды сөзге тоқтадым.

Иә, Италияда, Флоренцияда болып едім. Дантенің ескерткіші тұрған шіркеудің қасында суретке түстім. Тағдыр тәлкегі деген осы шығар?! Микеланджело және Леонардо Да Винчи мәңгілік қоныс тапқан шіркеуде Дантенің бейіті жоқ. Құдайға қарсы комедиясы үшін оның шіркеуге қойғызбаған. Бірақ Италия халқы ұлы қаламгер Дантеге өз қаржыларына ескерткіш қояды. Оны шіркеу алдындағы алаңға орнатады.

Уақыт, заман сырғып жатты. Дантенің өлмес жырлары оны халық махаббатына бөледі. Дін өкілдерінің қарсылығына қарамастан, Дантенің ескерткішін шіркеудің кіреберісіне ауыстырған. Италияның атакты ұлдары Микеланджело және Леонардо Да Винчи кабіріне барып тәу ету үшін тұрғындар, туристер, адамзат ең әуелі Дантенің ескерткішіне осылайша бас иеді.

Бұл – поэзия күдіреті. Мұқағали ақын бұдан кейін тәржіма жасауды мүлдем тоқтатады.

Кітап авторы қазақтың жоқтау өлеңінің тарихы туралы кең мәлімет береді. Мұқағали мен Аскардың өзара пікір алмасуын, ренессанс, өркендеу дәуірінің жолдары туралы жақсы мысалдар келтіреді. Соған назар аударып көрелік.

Ежелгі Мысыр елінде жоқтау дәстүрі болған. Өлімнен кейін өмір бар ма?! Пирамидалар соның айқын көрінісі. Бірақ Ислам орныққан соң, бұл дәстүр жоғалған. Дегенмен, ол ұлы қазақ даласында сақталып қалды. «Қазақ жоқтауы – әрі жұбату, ауыртыпашылықты бөлісу». Бұл – Аскар Сүлейменовтың пайымы. Осындағы деректер Жақыпжан Нұрғожаевтың бұл хикаятты жазуға өте тиянақтылықпен, ашығын айтсаң, ғылыми ізденіспен келгенін нақты көрсетеді. Мына бір деректі еске түсірелік.

Шоқан Уәлихановтың әжесі – Айғаным күйеуі хан Уәлиді бір жыл бойы жоқтаған. Бірде Байдалы шешен Айғаным ханымға келіп, басу айтпақшы болады. Ол кіріп келгенде Айғаным жоқтау айтуға ыңғайланады. Сонда Байдалы шешен «Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын» дейді. «Мен қайғынды қозғағалы келгенім жоқ, қайратыңды қайрағалы келдім», – дейді. Осы бір деректі сәтті автор Аскар Сүлейменовтің сөзімен түсіндіре кетеді.

Аскар: «Зады, қазақ жоқтауларының озық үлгілерінен қазақтың ой-қиялын, арман-тілегін, мұң-мүддесін жазбай тануға болады. Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Мәскеу баспасынан «23 жоқтау» атты кітап шығаруы тегін емес. Ахаң кітап кіріспесінде жоқтаудың қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитынын айтады». Мұқағали: «Халықтың тарихын санасынан өшіру мүмкін емес қой. Қараулетің өз баласы Мамайды жоқтауын, Бұқар жыраудың Абылай ханды жоқтауын, Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Қамқаны жоқтауын халқы неге ұмытады? Автор осындай деректерді келтіре отырып, әңгімені қайтадан Мұқағали ақынның «Реквиеміне» ойыстырады.

Бұл таңғажайып, тылсым жанрдың қазақ өркениетімен астасып кеткендігін көрсетеді. Осылай мәдениеттің, өркениеттің, Еуропалық реквиемнің

мен қазір кім болсам, қандай биікте болсам, сол болғаным үшін, өзіме-өзім қарыздармын. Князьдар мыңдап болған, бола да бермек. Бетховен болса – жалғыз!»

Мұқағали айтады: «Мен де осы күнде Мақатаев болғаным үшін Бетховен сияқты өзіме-өзім қарыздармын. ...Мен жайында не ойлайтындарын жұрт, мейлі, айта берсін. Оларды тоқтату менің білігімдегі нәрсе емес. ...Мұның бәрін неге айтып отырмын? Себебі, мен адамдармен істес болармын оларды зерттеймін. ...Адамдарды түсіне отырып, олардың да мені түсінгені қалаймын. Менің бүкіл поэзиямның мәні, міне, осы. Поэзия мен үшін жанымның шырылы».

Ақын өзінің жан азабын жақсы түсінеді. Поэзия – Мұқағали үшін жанының жарығы мен шырағы!

1975 жылдың 7 қаңтары. Күңгірт көңіл-күй. Ол «Моцарт. Жан азабын» жазуға отырды. Жастық шағы өзіне соқпай, жанай өтіп кеткен күндерді ойлады. Шекспирдің «Өлім шақырамын: мен тым асығыспын» деген сөздері санасына кіріп, кетпей тұрып алды.

Ақ қағазға жүрек сөзі түсіп жатты. «Моцарт. Жан азасы». Біреу келді де, кара киімге оранған – Жаназ күйін жазшы бір, Моцарт! – Жоғалған... Әлде бір елес...

# ТАЛҒАМ МЕН ТОЛҒАМ

тарихы туралы, оның музыкадағы сарындары жөнінде ақпарат алу, музыканың танымдық рухани жолына кірігесің.

Мұқағали айтады: «Өмір мен өлім. Өлім мен өмір. Бұл адамзат танымының – ең жоғары ілімі. Қорқыт философиясы, Шумерлердің «Гильгамеш» жыры, Абайдың осы туралы толғанысы, Мағжанның «Қорқыт», болмаса «Әлдиле, өлім, әлдиле» деген өлеңдерінің болмысы туралы ой-толғаулар ше?!

*...Жел, күңіренбе, жасың тый,  
Өлім күйі – тәтті күй.  
Балқызы жаным, бұл күйге,  
Мені де, өлім, әлдиле!  
Әлдиле, өлім, әлдиле.*

Мағжанның осы өлеңнің сарынын Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағалидің Константин Бальмонттан тауып алғанын дәйектейді.

*Жизнь утомила меня,  
Смерть, наклона надо мной!  
В небе – предчувствие дня,  
Сумрак бледнеет ночной.  
Смерть, убайокай меня.*

Бақсаң, Мағжан Бальмонтпен бір арнада жазыпты. Еліктесе, еліктеген де шығар, бірақ аудармаған. Мұнда тәржіманың иісі де жоқ. Бальмонта бар болғаны 15 жол болса, Мағжанда ұзын-ырғасы 95 жол. Есесіне, қазақтың құлағына тосын естілетін жаңа жыр дүниеге келген.

Иә, бұл аударма емес. Философиялық түйсік. Романтикалық, символикалық поэзия. Екі ақынды осы поэзиялық жанр жақындастырады.

Аскар айтады: «Мағжан жеке басының қайғысын, өз тағдырын жырға қосып отыр. Еесіне, қазақтың құлағына тосын естілетін жаңа жыр дүниеге келген». Автор Аскар мен Мұқағалидің Пушкин, Абай, Лермонтов, Мағжан, Блок туралы әңгімелерін сыр-сұхбат дәрежесіне көтереді. Әрине, бұл кезде Мағжан Жұмабаев әлі ақталмаған болатын.

Аскар айтады: «Мұқа, күмәніңіз болмасын, Мұхтар Әуезовтың өзі «Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» деген.

Иә, солай болды да!

Хикаяттың үшінші бөлімін Жақыпжан Нұрғожаев «Жан азабы» деп атапты. Бұл тарауда ол «Мұқағалидің» ауруханада жатқан кезінің, жүрек жылатар, көңіл толқытар көрінісін суреттеуден бастапты.

...Мұқағали аурухана палатасында, ауыр ойдың құшағында жатқанда Аскар Сүлейменов сөйлей кіреді.

– Бауырым, Аскар екенің рас болса, маған екі жыл өмір қосамысың?

– Қосамын. Екі жыл емес, екі ғасыр қосамын!..

Екі данышпан аурухана ішінде де Лев Толстой, Александр Пушкин, Блок пен Лермонтов туралы ой бөліседі. Олар мәртебелі поэзия, Бетховен, Моцарт музыкасы туралы әңгімелейді. Өмір мен өлім тартысы жүріп жатқан осы бір жан азабы қармаған сәтте мұндай әңгімеге кім бара алады?

Жақыпжан Нұрғожаев ақын бейнесін осындай детальдармен ашып береді. Мұқағали айтады: «Менің ойымша, Блок орыс әдебиетінде оқшау тұр. Ешкімге ұқсамайды. Ол өз поэзиясынан биікте тұр. Оныкі – мәдениетті, күрделі поэзия. Блок – көңілі қалып, түнілген жан. Ал оның «Он екісі» Моцарттың «Реквиемі» сияқты асау жан дүниесіне толғауы. ...Бетховеннің бір дөкейге айтқан мірдің оғындай сөзі бар екен. «Князь,

Әлде бір адам болар ма?!

Аза тұтқан,

Бір жақыны жоғалған?!

Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали Мақатаев ақынның жан дүниесін, бүкіл табиғи болмысын билеп алған сәтті осындай көркем ойлармен кестелейді. Оған сөз береді. Оған жан береді.

Мұқағали айтады: «Иә-иә, бұл реквием. Ал сынасып көріңдер, менімен? ...Иә-иә, бұдан кейін бес бөлімде өмір мен өлім сырласады. Табыттың, халықтың, жесірлердің, жетімдердің үнімен жеткіземін азалы сырласуды. Ең соңында бесік жырына салып, әлдилеймін».

1976 жылдың 12 ақпаны. Мұқағали тағы да ауруханада. 11 қаңтардан 15 ақпанға дейін жатып, емделуі керек. Ол үшін «Жан азасы» деген аты болмаса, Реквием – өлімге ода емес, өмірдің мәні жайлы философиялық толғау.

*Өмір дегенге,  
Тірлікте, сірә, жетер ме ой?!  
Жарық сәуледен басқаның бәрі  
бекер ғой,*

*Бекер ғой.  
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой.  
Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой!..*

Міне, осыдан ары қарай автор Мұқағали ақынның өмірбаяны туралы сыр шертеді.

Мұқағалидің әкесі Сүлеймен, анасы Нағима туралы жазылған сөздер ешкімді бей-жай қалдырмайды. Енді Мұқағали ақынның 1976 жылы 14 ақпан күнгі күнделігіне көз жүгіртелік: «Мені өз өлгендерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Естерінде болса, менің жеке өлеңім өзінше ештеңе құрамайды. Ол поэма іспетті, біртұтас. Басы бар, аяғы бар. ...Өзімнің «Менің» арқылы жасырып, жаппай, өмірдің шежіресін жасап шықтым. Жанымның басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс мұны мен қуанышы – бәрі сонда».


Міне, Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали туралы жазған хикаяттарының, эсселерінің, әңгімелерінің бәрінде ақиық ақынның өлеңмен астасып кеткен өмірін суреттейді. Шытырман тағдырдың бұлың-бұлың жолдардағы Мұқағали ақынның өзінің рухымен сырласқандай, тауқыметті өмірдің әр сәтін көз алдына әкеліп, жанды сурет салады.

Мұқағали ақын күнделігінен: «Мен бір нәрсеге – поэзияның тіршілікпен бірге, яғни, адаммен, табиғатпен бірге өлетініне кәміл сенемін. Адамзат жаны қатыгез тартса, ата берсін, қайтсе де бір парасатты арда қалады. Ол – ақын. Ақырғы сөз соныкі».

Жақыпжан Нұрғожаевтың «Аққу-арман», «Гәккү-ғұмыр», «Жыл құсы» сынды хикаяттарында Мұқағали ақынның сырт көз біле бермейтін өмір жолдары жатыр. Нұрғиса Тілендиев, Әбіш Кекілбаев, Шүрмші Қалдаяқов, Немат Келімбетов, Оспанхан Әубәкіров, Зейнолла Серікқалиев, Өсет Бейсеуов, Бексұлтан Жұрақеев, Лашын жеңгеміз туралы жазғандары – жібек матадай жұмсақ келіп, дала самалындай желпіп өтетін кестелі сөз, кемел ой!


Мұқағали ақынның да, оның жыр-өлеңінің сырына үңілген Жақыпжан Нұрғожаев та осындай сырлы әдеби дүниелерімен асқақтап, Хантәңіріндей биікте көрініп тұр.

Уәлихан ҚАЛИЖАН,  
ҚР ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ,  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛБЕК СІПІРГЕН  
ҚАЙРАТКЕР



**Төле би**

Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын қуса игі.  
Өзіне келер ұятын,  
Өзі біліп тұрса игі.  
Жаудан бұққан немені,  
Ортасынан қуса игі!  
Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол.



**Қаз дауысты Қазыбек би**

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Күт-берекен атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың әкен қымбат,  
Туып-өскен елің қымбат.  
Ұят пен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат.



**Өйтеке би**

Ашу деген – ағын су,  
Алдын ашсан, арқырау.  
Ақыл деген – дария,  
Алдын тоссан, тоқырау.  
Кісі бірге туыспау керек,  
Туысқан соң сөз қуыспау керек.  
Сөз қуған бәлеге жолығады,  
Жол қуған олжаға жолығады.



# Ардагер

№1  
(5)  
14 наурыз,  
сенбі,  
2026 жыл

Екі айға бір рет шығатын газет ішіндегі газет

**ҰЛАФАТ**

*Қарындаш пен өмірдің босатпасын қолымды, Кедергілер тоспаса екен жолымды. Тоқсанымда толымды сөз айта алсам, Іс тындырған болар едім орынды!* – деп сөз толғаған Қазақстан Оқу-ағарту ісінің үздігі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері, ұлағатты ұстаз Мұқаметқали Малдыбеков биыл 90 жасқа толды.

Суретшілік те – сырлы өнер. Әйгілі италиялық қылқалам шебері Леонардо да Винчи бір қолымен сурет салып тұрып, екінші қолымен жаза алатын қасиетке ие болған екен. Біздің Мұқаметқали ағайымыз да – суретшілік өнер мен шығармашылықты қатар меңгерген, өлең жазып, ән де айтатын сегіз қырлы бір сырлы жан.

*Балалығым өткен жер, Жігіттікке жеткен жер! Күлжа, Сүйдін, Көкдала, Көкейімнен кетпес жер! Жігіттігім өткен жер, Егделікке жеткен жер! Қарасаз бен Шалқоде, Ерінбей еңбек еткен жер! Егделігім өткен жер, Кәрілікке жеткен жер!*

*Талдыбұлақ, Талғарым,* – деп жырлаған Мұқаметқали Әбдірейімовты 1936 жылы 24 ақпанда Қытайда дүниеге келген. 1956 жылы Құлжа қаласындағы Ахметжан Қасым атындағы педагогикалық колледжді үздік бітіріп, 3 жыл сол оқу орнында химия-биология пәнінен дәріс берген. 1959 жылы атажұртқа оралған соң, 1983 жылға дейін Райымбек ауданы Қарасаз ауылындағы Энгельс атындағы орта мектебінде, 1994 жылға дейін Талғар ауданы Талдыбұлақ ауылындағы

## ТОҚСАННЫҢ ТӨРІНДЕ – ТОЛЫМДЫ СӨЗ



№34 мектепте ұстаздық қызмет атқарды. 1970 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірді.

«Ұстазы жақсының, ұстанымы жақсы» дегендей, біз мектепте оқып жүргенде мұнтаздай таза киінетін, жүріс-тұрысымен, білімділігімен, өнерімен адамды баурап алатын Мұқаметқали ағайға қарап бой түзеді. Ұстаздан дәріс

алған шәкірттері – Ыбырай Шамырханов, Зейнегүл Қайыңбаева, Тұрсынбай Әміреев, Мұса Қасқарауов, Нұрбосын Әлілбаев, Марат Бозымбаев, Бақытнұр Бүрлесбеков жоғары білімді, кәсіби суретшілер болса, Нұрақынбай Орынбаев, Өмірсерік Ахметов белгілі архитектор мамандар болып шықты.

2023 жылы Талғар аудандық орталық кітапханасында Мұқаметқали Әбдірейімов

ұлының шығармашылық кеші өтті. Онда оқырман қауым мен шәкірттері ұстаздың сурет көрмесімен танысып, өзінің өмір тәжірибесі мен білімін, философиялық ой-толғамдарын түйіндеген «Қазақ-Күнби», «Өмір-Заман», «Арғы атамыз – Алаш», «Жан сыры» атты 4 кітабы таныстырылды. Қаламгер шығармашылығында ресми тарихтан гөрі ұлттық танымыға сүйену, ауызша тарих пен көне деректерді ұштастыру басым. Ұстазымыз өте ұқыпты адам. 1970 жылы 8-сыныпқа химия пәнінен ашық сабақ өткізген. Сол сабақта қазіргі белгілі ақындар Шерзат Мекебаев пен Мұхтархан Қалиұлына химия туралы өлең жазуды тапсырыпты. Сия қаламмен жазған екі шәкіртінің өлеңдерін 55 жыл сақтап, сол кеште өздеріне оқытты. Тіпті, ағамыздың жеке мұрағатында өзінің оқушы кезде шығарған есептері де сақталған. 1965 жылы ұстазымыз Қарасазда жаңа үй салды. Сол үйдің сыртқы екі керегесіне маралды қуып бара жатқан арыстанның барельефін саз балшықтан сылап жасады. Арада 60 жыл өтсе де сол сурет Қарасазға кіретін Абай көшесіндегі үйде сол калпында тұр. Суретші-ұстаздың «Алатаудың ақ барысы», «Нұрлы дүние», «Көшпенділер жайлауда», «Қазақ-Күнби» сияқты жүздеген картинасы мен қарындашпен

салған графикалық-кескіндеме суреттері сөйлеп тұрғандай көрінеді...

«Қалаған жақсы ісін істеуге мүмкіндік туғанда, адам өзін бақытты сезінеді», – деп философиялық ой толғаған ұстазымыз қазір «Әруей» атты бесінші философиялық туындысын жазу үстінде.

Ол кісінің достары да – зиялы азаматтар. «Бүркіт», «Тау хикаялары», «Азулылар айқасы» сияқты кесек этнографиялық туындылар жазған жазушы Тұрдақын Жексенбай ағамыз бен Жетісу әншілік мектебінің көрнекті өкілі Садықожа Мошанұлының «Сары бидай» әнін рухани қазынамызға қосқан әнші Молдасан Шәпиұлы үшеуі сыныптап.

*... Көргеннен- ақ көркіне көзім тойды, Бір сиқыр кернеп кетті тұла бойды. Ойымнан үй ұйықтасам шықпай жүрді,*

*Арбады оның көркі ақыл ойды,* – деп жырлаған Мұқаметқали ағамыз жігіт кезінде бір көргеннен ғашық болып, сүйіп қосылған ардагер-ұстаз Биғайша Қонайқызы жеңгемізбен отбасын құрып, бес қыз, екі ұл, жиырма шақты немере, он шақты шөбере сүйген ақ баталы ата, ақылшы әже болып бақытты ғұмыр кешуде.

*Ұжымағым – сая бағым, Пір тұтар даналарым. Ғұмырың жүзге жетсін, Ақсұңқар ағаларым,* – дегендей, мерейлі 90 жасыңыз гасырлық 100 жасқа ұлассын бекзат болмысты құрметті ұстаз!

**Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ**  
Қазақстан Жазушылар жөне Журналистер одағының мүшесі,  
Райымбек ауданының Құрметті азаматы

**ТАҒЫМ**

## ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

*ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай аудандық шекара басқармасында Тәжік-Ауған қарулы қақтығысында ерлікпен қаза тапқан қазақстандық жасауыңгерлерді еске алу шарасы өтті. Жиналғандар батыр шекарашыларға орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, рұхына тағзым етті.*

Журналистер Тәжік-Ауған шекарасында болған қазақстандық батальон туралы газет-журналдарға көлемді мақалалар жазумен шектелген жоқ. Кітаптардың да жарық көруіне белсене атсалысты. Раджан Батырхановпен бірге болған сарбаздарды сөзге тартып, сұхбаттасып едік. Солардың бірі жауынгер Толқынжон Мурзаев болатын.

«Раджанның қаза тапқанына биыл қыркүйекте 32 жыл толады. Зулаған уақыт-ай десеңші. Сол кезде біз небәрі он тоғыздағы бозбала едік. Ерлік жасауға асығып тұратынбыз. Сондықтан да біз моджахедтермен болған ұрыста ештеңеден тайсалған жоқпыз.

Алдымен біздің бір сарбаз жаудың көлігін жарып жіберді. Бұл кезде бірінші нүктені алып үлгерген Раджан оң қапталда дұшпандармен соғысып жатқан. Ол командирі мен достарын жаудың оғынан аман алып қалу үшін жанталасып, аяғынан ауыр жараланды. Оқтың жаңбырша жауғаны сонша, Раджан жараланған кезде оған бірнеше қаламдай жерде жатқан Ринат та жақындай алмады. Жауды тас-талқан етіп барып, қасына жеткенде қайран достың демі үзіліпті», – деген еді Толқынжон ауыр күрсініп.

Қазақстандық 24-батальонның Тәжік-Ауған шекарасынан туған елге оралғанына 25 жыл толуына орай өткен ауқымды жиында сөз сөйлеген ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары, полковник Ербол Түлкібаев, отставкадағы генерал-майор Марат Мәжитов, Ренат Нұрметов өз естеліктерімен бөлісті.

Шара соңы шағын концерттік бағдарламаға ұласып, аға сержант Дастан Сембаев «Ауған жыры» атты патриоттық әнді нақышына келтіре орындады. Иә, Душанбе әуежайының бетон жолағынан соңғы қазақстандық батальонды алып ұшқан

«АН-72» ұшағының көкке көтерілгеніне де 25 жыл өтті. Сол күндердің ізі жауынгерлер жадында және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің шежіресінде сақталып қалды. Қаза тапқандардың есімі ұмытылмауы тиіс. Бүгінгі басқосу соның нақты дәлелі.

**Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,**  
ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің баспасөз хатшысы



**СОЛ БІР СӘТ**

### ОҚЫЛМАҒАН ХАТ

(Болған оқиға ізімен)

*Бір бума хат тастап кетті дивизия көлігі, Жауынгерлер қуанышты, көтеріліп көңілі. Осы бір хат иесіне тимей қалды, Қап, әтпен!*

*Сүйген қызы бар еді оның, күтіп жатқан елінде, Әр ай сайын хат келетін, екі-үшеуі кемінде. Біраз болған жазбағаны, қайтар кезі жігіттің, Жазбағаны – жақын күнде кездесуге сенімді еді.*

*Батыр сарбаз сүйген еді, сүйген қатты сол қызды, Ауылына барған мезет, үйленем деп ой түзді. «Кешір, – депті қыз хатында, – Тұра алмадым уәдемде», Отасыздық жасағаннан, жаман бар ма әлемде?*

*Заставаға келген бұл хат жазылыпты ай бұрын, Даладағы пошта үлгермей, тарқатады қай бірін? Жігіт болса кетемін деп санап жүрген ай-күнін, Қыз жалынып-жалбарынып, жеткізіпті қал-мұңын.*

*Ойламады ешнәрсені майданда қан кеуіші, Кетер кезде болған еді, соңғы шайқас шеуіші. Дұшпан саны артық еді, сенуші еді күшіне, Офицерді таңдап атты, жасауыңгерлер ішінен.*

*От пен оқтың арасынан алып шықты бір адам, Командирін арқалап ап, жараланып құлаған. Ширақ басып капитанды таса жерге қалдырып, Достарына жүргізген еді, қаруға оқ салдырып.*

*Бұны көріп ызаланды, дұшпандар тым өшікті, Әлсіреді иуравилер, қосымша күш кешікті. Өрбіді ұрыс, граната, аздайды оқ-дәрілер, Тек қоршауды бұзып оту керек болды бәрінен.*

*Ешкім білмес Жаратқанның маңдайға не жазарын, Шықты сонда анау жігіт, аударып жасау назарын. Қоршау бұзып шығу үшін болмаған соң ерікті, Әрбір тұстан оқ жаудырып, жасау жасағын алдады.*

*Жараланған сарбаздардың айқай-шуы тым қатты, Бауыр басып қалғандықтан, барлығы да қымбатты. Беріспей-ақ атысқаны, шайқасқаны жігіттің, Қоршаған жасау ызасына, ашуына тым батты.*

*Қарсыласқан дұшпандары сұлап жатты шетінен, Тікушақтың үнін естіп, қашты олар бетімен. – О, Жаратқан! – деді жігіт, құлап жатып сөйледі, – Жер құшқандай не кінәм бар, саған сонша нетіп ем?!*

*Қосылмаған ғашықтарды жыр-аңыздан білуші ең, Махаббаттың әсеріне бөленіп біз жүруші ең. Ал хат жазған сол қыз үшін ұмыт болды сүйгені, Біздің мақсат – досымызды қапарман деп білу тек!*



**Мінәмжан АСИМОВ,**  
Ауған соғысының ардагері

**АТАКӘСІП**



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

«Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір» дегенді жете ұғынған қожалық Шопан ата төлін асырап, атакәсіпті өрбіткен. Мұнда 300 аналық архар-меринос қойы, 30 бас ірі қара, 80 бас жылқы бағылуда. Осының бәрі – Нұрақын Атамбаев есімді озат шопанның нәтижелі жұмысы. Ол кісінің қойшы таяғын тастамағанына елу жылдан астам уақыт болыпты.

## Шопан ата

**Қой бағу расында да оңай емес. Шілденің шіліңгір ыстығы мен қыстың қақаған аязында тыным таппайтын малшылардың еңбегі қашанда ерен. Осыған орай, Кеген ауданы Жылысай ауылына жеті шақырым жерде орналасқан «Тастыөзек» қыстауына арнайы барып, малшылар қауымының тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.**

Нұрақын Молдақошықұлы 1960 жылы Түрген техникалық училищесін тәмамдаған. 1964 жылға дейін «Жылысай» кеңшарында механизатор, 1972-1993 жылдар аралығында қойшы болған.

1965 жылы 22 жасында Саркыт Нарынбек-қызымен отау құрып, үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Нұрақын атамыз 1993 жылы «Тастыөзек» жеке шаруашылығын құрып, 2005 жылы зейнетке шықса да тынымсыз еңбек етуде.

Шаруасын шалқытып, төскейге мал өргізген «Тастыөзек» шаруа қожалығының жетекшісі, Нұрақын атамыздың ұлы Медет те іске мығым, малға үйірсек жан екенін аңғартты. Бейнеті мен ауыртпалығы белшеден келетін бұл іске қойшының ұлы жиырма жыл бұрын кіріскен. Яғни, 1998 жылдан бүгінгі күнге дейін атакәсіпке ден қойып отыр. Қазір мал басын еселеп, кәсіптің нәсібін көруде.

Қожалық иелігінде 460 гектар жайылымдық жері бар. Дегенмен, қолға алған істі әрі қарай дөңгелету үшін Медет Нұрақынұлы әлі де біраз тер төгемін дейді.

– Қазіргі таңда бұл саланың қиындығы сол, мал бағатын адам жоқ. Жазда жайлауда, қыста қорада төрт түліктің бабын табу оңай емес. Қазір бәріне төселдік. Мал шаруашылығы өте қажырлы, тынымсыз еңбекті талап етеді. Күндіз-түні жұмыс істеу керек. Шопан таяғын 1972 жылдан бері ұстап келемін, – дейді Нұрақын ата.

Шаруа иелері әлі де мал басын көбейтуді жоспарлап отыр. Өйткені алдағы уақытта мал төлдету науқаны басталып, шаруашылықты нағыз қарбалас шак күтіп тұр.

– Қой тез көбейеді, әрі өнімді де көп береді. Алайда қазақ «Мал бақсан, әуелі өрісін тап» деген. Әсіресе мал төлдету науқанында қоздап жатқан әр қой жеке-жеке қарауды қажет етеді. Қазір аз ұйықтап, көп еңбектенетін мезгіл, – деген Нұрақын ақсақал атына мініп, қойын қайырмалауға кетті.

Жаздың аптабы мен қыстың ызғарында мал бағып, еңбек етіп жүрген Нұрақын Молдақошықұлына әлі аттан түспеңіз деп тіледі! Адамды көркейтетін – істеген ісі ғам ерен еңбегі.

«Тастыөзек» шаруа қожалығы биыл 100 қойдан кемінде 90 қозы алуды көздеп отыр. Мал санының артуы ет бағытындағы жұмыстарды жандандыруға өз септігін тигізетіні анық. Ендігі міндет – қорадан еретін қондырдың басын көкке аман жеткізу.

Кеген ауданы

ӨМІР-ӨЗЕН

*«Дүние, шіркін, өтегі бір күн» деген ән жолдарын естіген сайын ет жүрегің елжіреп, көңіл толқып, сай-сүйегің сырқырап кетеді. Сондай кезде жарық дүниеде жайғары қалтымен жүріп, халықтың қамы үшін қажыры мен қайратын, білімі мен білігін тер төге жұмсаған қатардағы қарапайым адамдар еріксізден еске түседі. Ең өкініштісі, олардың бәрі де ортамызға қайтып оралмас, о дүниелік болып кеткен жарқын бейнелер. Оларды біздің сартап болған сағынышпен еске алудан басқа қолдан келер амалымыз жоқ. Қайтсеміз, тағдырдың жазуына шара бар ма?!*

анқылдаған ажзүрекертері мен шапағатын шашып тұратын мейірім шуақтары кімді болсын бірден баурап алатын.

Олай болатын жөні де бар. Екеуінің де әке-шешелерінің тегі тектіліктен тараған жайсаң жандар екенін ел-жұрт жақсы білетін. Орайы келіп тұрғанда ол жағын айтпаса тағы болмайды. Әнуардың әкесі Жакуда, анасы Балкүміс Әбдаллақызы, Әлфияның әкесі Бодан мен анасы Балапан Нәдірханқызы кезінде халыққа кәдірі бөлек ұстаздар болды. Олар жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беруде арттарынан айтып жүретіндей айғақты іздерін қалдырды. Сондай өнегенің өрісінен сабақ алған Әнуар мен Әлфия да халықтың қастер тұтатын адамдарына айналды. Олар көздерінің тірі кезінде аудандық аурухананың бас дәрігері болған, медицинаны бүгешігесіне дейін жақсы білетін, Ленин орденді дәрігер Мұхтар Әлімовтің айрықша қамқорлық жасап, ұшан-теңіз ақыл-көнен бергенін аса риза көңілмен ақ ниетті алғыстарын айтып, ауыздарынан тастамайтын.

Ауданда дәрігердің тапшы кезі. Ол кісі бізді жылы шыраймен қарсы алып, екеуімізге жан-жақты бағыт-бағдар беріп, сәттілік тіледі. Әлфия болса, бір жылдан кейін келіп, акушер-гинеколог болып жұмысқа қабылданды. Қабілет-қарымының арқасында Әнуар балалар хирургиясы ғана емес, ересектер хирургиясын да он орап алып кетті. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Әлфия екеуі жемісті еңбек етті», – деп емірене еске алады. Ал Серікбай Монтаев болса: «Әнуар екеуіміз хирургия бөлімінде жұп жазбай жұмыс істеді. Адам тағдырында небір оқыс оқиға болады. Әсіресе, адамның ажал аузында жатқан жағдайында Орекең айтқандай, Әнуар ештеңеге қарамайтын шешімтал, нағыз хирург болатын. Екі білекті сыбанып тастап, ота жасауға кірісіп кететін. Оның талай адамды ажал қармағынан алып қалғаны менің көз алдымда. Әлфия да табандылығынан таймайтын, жанкешті төзімділігімен өз кәсібін сүйген дәрігер болды», – дейді Серікбай жанарына жас алып.

ӨНЕГЕ

## Қазақтың әжелері-ай!



Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылындағы қоғамдық-мәдени іс-шаралар «Інжу-маржан» әжелер ансамблінің өтпейді. Ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптеп, жастардың бойына рухани қазынамызды дарытып жүрген асыл жандарға дән риза боласыз.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Қаракемер Мәдениет үйінің директоры Арайлым Мамырбекқызының қолдауымен 2014 жылы құрылған «Інжу-маржан» ансамблі жұмысын жылдан-жылға жандандырып, ән қорын күннен-күнге көбейтіп келеді. Бүгінде өнер ұжымында 74 жастағы Тұрсынхан апа бастаған, Күлзипа, Кеменгүл, Балагүл, Нұргүл, Сарахан, Гүлсанат және Кәрімхан сынды сегіз әже бар. Ансамбльге Қаракемер ауылдық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, айтыскер ақын Ерқуат Оңашханұлы жетекшілік етеді.

«Өр жұма сайын Мәдениет үйіне жиналамыз. Ол күні әжелеріміз үйде пісірген жеті шелпек, тәтті-дәмдісін алып, дайындыққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Алдымен асханада әңгіме-дүкен құрып отырып, бір шәугім шай ішеміз. Сол жерде-ақ алдағы жоспарды пысықтап аламыз. Одан кейін кіші залға барып, жаңа әндерді үйренеміз», – дейді Ерқуат Оңашханұлы.

Әжелердің ән қорында халық әндері, қазақтың белді композиторларының ел арасына кеңінен танылған туындылары бар. Қазіргі уақытта олар Наурыз мерекесіне қызу дайындық үстінде. Мереке демекші, «Інжу-маржан» әжелер ансамблі ауылда өтетін барлық қоғамдық-мәдени іс-шараның бел ортасында жүреді. Халық әндерін орындап, құлақ құрышын қандырса, енді бірде бесікке бала бөлеп, тұсау кесіп, ата-бабамыздың салт-дәстүрін жаңғыртып, жастармен тәрбие сағатын өткізіп, оқушы, студент қыздарға жүн түгіп, ұршық иіруді үйретіп, тіккен көрпе-жастықты көрмеге қойып, ұлттық колөнерімізді көпшілікке паш етеді. Ауылдың жас келіндеріне жөн сілтеп, бағыт-бағдар беріп отыруы да – аналарымыздың ұлттық құндылықтарымызға, ұлтқа деген жанашырлығы.

«Өртүрлі аспапты қосып, әрі жаңа өнерпаздар алып, ансамбльдің ауқымын кеңейтсек деймін. Осы Мәдениет үйінде күзетші болып жұмыс істейтін 60 жастан асқан Бауыржан есімді ағамыз бар. Гитараман ән айтады. Аспапты керемет меңгерген, дауысы да ғажап. Сол кісіге ансамбльде өнер көрсетіңіз деп қолқа салып жүрмін. Әжелеріміздің алды сексенге таяп қалды. Соған қарамастан олар өте қағылез, әннің сөзін бірден жаттап алады. Дайындықтан қалмай келіп, әр іске ерекше құлшыныспен кіріседі. Ол кісілердің жүріс-тұрысы, сахна мәдениетін сақтауы, әппақ кимешегі – бәрі-бәрі біздің ансамбльдің деңгейі биік екенін байқатып тұрады», – дейді Ерқуат Оңашханұлы.

Иә, биік талғам мен тыңдарман алдындағы жоғары жауапкершіліктің арқасында «Інжу-маржан» әжелер ансамблі аудандық патриоттық ән байқауының жеңімпазы да болды. Бұл – әжелердің кішкентай ғана жетістігі. Ал жетістіктің ең үлкені – жастарға үлгі болып, ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, рухани қазынамызды көпшілікке дәріптеп жүргені.

Еңбекшіқазақ ауданы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

## Ұрпақ сабақтастығы үзілмесін



Тәуелсіз, егемен елдің жастары білімді, тәрбиелі болса екен деймін. Бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін кең-байтақ жерін қанымен қорғап, ұрпағына аманаттан қалдырған батыр бабаларымыздың аруағы алдында қашанда қарыздармыз. Біздің алдымызда ұрпақтар сабақтастығын үзіп алмау міндеті тұр.

«Балаңды өз білгеніңмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген тәмсіл бар дана халқымыздың. Сан ғасырлар бойы сұрыптаудан өткен ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, рухани байлықпен өскелең ұрпақты сусындатуы ешқашан естен шығармаған абзал. Жастардың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру – көпке ортақ абыройлы іс. Еліміз өркеніет көшінен қалмай, әлемде ойып тұрып өз орнын алуы үшін жалпыадамзаттық ізгілікпен қатар, ұлттық тәрбиені де биікте ұстауымыз керек.

Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз – батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы санаған. Батырлық, ерлік ұрпақтан-ұрпаққа атадәстүр болып қала бермек. Өткенін халықпен бірге тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – түл, келешегі – тұрлаусыз», – деген. Ерлік, дәстүр, отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Ата-бабаларымыз баланы бесіктен жақсылыққа баулыған. «Үлкенді сыйла, сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлғатты сөздердің мәні терең. Бала кісілікті, адамгершілікті, әдептілікті, сыпайылықты, тіпті өрескел мінез бен бұзақылықты да алғаш өз отбасында көреді. Бұл орайда: «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген халқымыздың даналық сөзі отбасы тәрбиесінің қаншылықты маңызды екенін көрсетеді. Патриоттық сезімнің қалыптасуына ең алдымен ата-ана ықпал етеді. Отанды сүю отбасынан басталатыны сондықтан. Сонымен қатар ауыл-аймағының тигізер әсері де үлкен. Сондықтан да бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды міндет десек, еш қателеспейміз. Қоғам бұл іске парасаттылықпен қарап, байсалдылықпен жұмыла білуі тиіс. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие үлгісін ұғындыру – қазіргі заман талабы және қоғам қажеттілігі.

Сөзімді түйіп айтсам, халқымыздың тәрбие тәсілдері – сан ғасырдан бері жинақталып келе жатқан алтын қазығымыз. Сол таным ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданылғаны жөн.

Қамбархан ҮМБЕТОВ,

енбек ардагері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы

# ЖАН ЕДІНДЕР ЖҮРЕТІН ЕЛ ЕСІНДЕ



«Жақсының жақсылығын айт» деген осы шығар?! Қарап отырсақ, Әнуар мен Әлфияның үстеріндегі ақ халаттары мен азаматтық арларын кірлетпей, жабырқауда жүрген жандар үшін күндіз-түні кірпік ілмей, қалтқысыз қызмет көрсеткен өмір белестері көз алдымызға тізбектеліп келе береді. Оны шетінен айтып шығу да мүмкін емес, ұзақ әңгіме. Әнуар мен Әлфияның 40 жылдан астам өмірінің адам жанының арашашысы болып өткенін аудан жұртшылығы ұмыта қойған жоқ. Ол жағдаймен олардың ажалдан аман алып қалған адамдарының өз ауыздарынан естігеніміз де әлі күнге дейін есімізде.

Расында да Әнуар білгір хирург ретінде аяқасты ауыр жарақат алғандарды, ең аяғы соқыр ішектері (аппендициті) жарылып кеткендерді табан асты ота жасап, құтқарып қалғанын аурухана журналына тіркелген тізімдерден анық көруге болады. Сол сияқты балалары мен немерелерін мұсылмандық жолмен Әнуардың сүндеттегенін мыңдаған ата-ана әлі күнге дейін жадыраңқы қабақпен жасырмай айтып жүр. Ал Әлфияның өз ісінің шебері болғанын, акушер-гинеколог, дәрігер ретінде іскерлігімен, ілтипатты қызметімен абыройға бөленіп жүргенін кеңінен әңгімелейтіндер әлі көп. Ол ауыр жағдаймен келген аналарды аман-есен босандырып, талай шаңырақты шаттыққа беледі. Оның да мыңдаған сәбидің кіндік шешесі атанып, айрықша құрметке бөленгенін айтудың өзі бір ғанибет!

Осы жерде Әнуар мен Әлфиядан аралары ажырамай, бірге қызмет істеген, кезінде ақ халатты абзал жан атанған әріптестері Ораз Өтемісов, Серікбай Монтаев, Бейнегүл Иембердиева, Бейкүт Исенбаев, Баймұханбет Қоңырбаев, Иманәлі Таласбаевтардың марқұмдар жайлы елжіреп тұрып айтқан естеліктері де сезімді селт еткізбей қоймайды. Медицина институтындағы курстасы әрі досы Ораз Өтемісов: «Әнуар екеуіміз 1968 жылы мектеп бітірдік. Ол Қақпақта, мен Сарыбақтауда. Екеуіміз мамандық таңдау барысында, Медицина институтының студенті болған кезімізде таныстық. Әнуар балалар хирургі, мен балалар педиаторы мамандығын алып, ауданға бет алдық. Ол кезде Нарынқол ауданының бас дәрігері, медицинаның басаспап шебері Мұхтар Әлімов еді.

Ол екеуін тірлігінде халық бөле-жармай, ерекше құрметпен сыйлады. Қашан болсын төбелеріне көтеріп, қастер тұтты. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген емес пе?! Ол екеуінің ел алдында атқарған ересен еңбектерінің елеусіз қалған жері жоқ. Әнуар Жакудаұлы жоғары санатты дәрігер болумен қатар «Еңбектегі ерлігі үшін» және «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медальдарының иегері, Райымбек ауданының Құрметті азаматы болды.

Әлфия болса, жоғары санатты дәрігер атанып, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалін иеленді. Сонымен қатар екеуінің Денсаулық сақтау министрлігі мен облыстық, аудандық аурухана әкімшіліктері және басқа да тиісті орындар тарапынан алған марапаттары мен мақтау қағаздары жетерлік. Әнуар мен Әлфияның соңында ұлы Сырым, қызы Гүлім, күйеубаласы мен келіні және оншақты немересі қалды. Олар әке-шеше аруағына үнемі тағзым етіп, лайықты құрметтерін көрсетумен келеді. Біз де Әнуар мен Әлфияның жатқан жері дей келіп, топырағы торқа болсын деп, сөз соңын мына бір өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

*Жан едіңдер жүретін ел есінде,  
Сенбесең де, кей кезде сенесің де.  
Кезектесіп екеуің кеттіңдер гой,  
Мініп алып келместің кемесіне.*

*Осы ма еді жүректің тоқтағаны,  
Есте тұр-ау еліңнің жоқтағаны.  
Жыл да болып қалыпты екеуіңе,  
Жатқаныңа түнекте қап-қараңғы.*

*Қайғы жұтып осынау тірлігінде,  
Артта қалды Сырым, Гүлімнің де.  
Бауырлар, немерелер бәз қалыңда,  
Сол баяғы жұп жазбас бірлігінде!*

*Өмір – өзен, барады асыға ағып,  
Әрине, сендер барда жасымдадық.  
Достарың да жүр әлі мұңаюмен,  
Ораз бен Серікбайлар есіне алып.*

*Кеудемізде қайғыдан жатыр ағын,  
Кім ойлаған тереңге батырамын?!  
Екеуіңді ел-жұртың ұмытпайды,  
Торқа болсын әрдайым топырағың!*

**Қанат ТӨКЕБАЕВ,**  
Алматы облысының және  
Райымбек ауданының  
Құрметті азаматы



САҒЫНЫШ



Мақатаев жырлағандай, Шолпан Жүнісбайқызының есімі ұмытылмады, керісінше ұлықталды. «Жетісу» газетінің 100 жылдық мерейтойында арнайы шығарылған «Ғасыр-ғұмыр» атты кітапқа қаламгер жайлы естеліктер жазылды. Одан бөлек, туған ауылы Сатыдағы Айтжан Түркебаев атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні кабинетіне білікті журналист Шолпан Жұмаділованың есімі берілді. Осы бастамаға мұрындық болған «Жетісу» газетінің бас редакторы Жұматай Оспанұлы мен ақын Мәди Алжанбай осыдан жеті жыл бұрын, мектепке арнайы барып, «Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Шолпан Жұмаділова атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті» деп жазылған тақтайшаны іліп, бөлменің төріне қаламгердің шығармашылық өмірін бейнелейтін стенд қойып, қайсар қыз жайлы естеліктерін айтқан еді. Сондай-ақ, осы мектептің өлкетану мұражайына Шолпан Жүнісбайқызының естелік фотосуреттері қойылып, есімі жаңғыра түсті.

Саналы ғұмырында халқына адал қызмет еткен журналисті еске алып, игі шаралар ұйымдастыруда «Жетісу» газеті оқушыларға Шолпан Жұмаділова атындағы сыйақы беріп, спорттық жарыстар өткізіп келеді. Осы игі істің

КЕЛІҢІЗ, КІТАП ОҚЫҢЫЗ!

# Ағыраптағы аты жоқ адам

«Ағырап – жұмақ пен тозақ арасындағы мекен. Қиямет таразысында жақсылығы мен жамандығы тең тартқан құлдар жұмаққа бара алмайды». Екі әлемнің шекара шебінде шерменде күйге түскен жандардың оқиғасы Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам» туындысының арқауына айналған.

Гүлзат БАЙҚОНЫС

Шығарма басында темір тордан еркіндікке шыққан кейіпкер жылжып бара жатқан пойыз жүрісімен бірге жылжып өткен өмір елестерін есіне түсіреді. 14 жыл бойы бір рет те іздеп келмеген ата-анасын, өзінің түрмеге тоғытылуына себепші болған бауырын ойлайды, оларға деген өкпесі өзегін өртейді. Балалық шағындағы оқиғаларды әр жерде көшіп-қонып жүрген пәтерлерімен байланыстыра ой елегінен өткізеді. Қиындығы мен қуанышы қатар жүрсе де, өмірінің нағыз жұмағы сол кез бе дерсің?! Өркiмнің үйін жағалап жүріп, өз үйлеріне де қол жеткізеді. «Әлі есімде, шатырды жауып жатқанбыз. Әкемнің балғасы шегеден қиыс кетіп, қолына тиді. Қан саулап, тоқтамай қойған соң, киіз күйдіріп басып жатырмыз.



– Кейін мен өлгенде бұл үйді әкемнің қанымен салғанбыз деп еске алып жүрiндер, – деді әкем жарақатын ауырсынып. Күнге тотығып, қап-қара болып күйіп кеткен әкемнің жүзінен жұмыстан емес, ауыр тірліктен қажығанын байқадым. Маңдайынан шып-шып аққан тер кірпігін дымқылдап, әкем көзіме жылап тұрғандай көрініп кетті», – дейді аты жоқ кейіпкер. Үй тек материалдық дүние емес, отбасының бақыты мен берекесін ұйытқан мекен. Әкесі Кененнің: «Үй дегеннің түбі «үю» дегеннен шыққан. Қарашы, көршілеріміз тапқан-таянғанын бір жерге үйіп жатыр. Өстіп үйе берсе, ол үй болады», – дейтіні бекер емес. Бірақ үміттің үйіндісі үрейдің үлесіне айналарын кім білген?!

Романнан биліктің қатыгез ойынында допша домалаған «кішкентай адамдардың» тағдыр талайын жүрегіңмен сезінесің. Әділетсіздік шоктары маңдайға тірелгенде, бірігіп қарсы тұрған көпшілік әрекетіне сүйінесің. Жан сауғалаймын деп жүріп, соқыр сенімнің жетегінде кеткен әкенің, серттен тайған жігіттің әрекетіне күйінесің. Тәнін азаптап, рухын сындырып бауырының «айыбын» ашуға мәжбүр болған, ақыры жындыханадан бір-ақ шыққан Елдестің елеусіз тағдырына егілесің. Шығарманың басында: «Бақыт әр адамның есігін өмірде бір рет болсын қағады. Алайда кейбіреулер үйінде болмай, есіктің қағылғанын естімейді», – деген Марк Твеннің сөзі берілген. Бұл туынды кейіпкерлері бақыттың келуін сарыла күтті. Бірақ оларға үйінде болуға мүмкіндік берген жоқ. Естімейін деген жоқ, оларды қасақана керек етті. Бақыттың ұрпады. Бірақ автор әр адам белгілі бір деңгейде өз ісіне жауапкершілік арқалайтынын да еске салады. Мысалы, басты кейіпкердің Әнияға берген уәдесінде тұрмай, Құдай жолын насихаттаушылардың кебін киіп қашып кетуі кейіпкер өміріндегі өшпес өкінішке айналады. Нұршыққа қайта келіп, ғашығын іздеп жүргенде полицияның қолына түсіп сотталуы сол сатқындықтың өтеуі сияқтанады. Кейіпкер қашпай-ақ сүйгеніне тіреу болып, сертіне селкеу түсірмегенде оның бейнесі ғашығының алдында да, оқырман алдында да биік болар ма еді?! Бірақ автор басты қаһарманын ондай әулиелік деңгейге көтермейді, шынайылық шегінен шықпады. Адам кейде бұйындағы қорқыныш пен күдік сияқты сезімдер есерінен санасы сан саққа сенделіп, сағы сынып, дәрменіміз күйге түседі. Бір жағынан, кейіпкерді айыптағанымызбен, екінші жағынан, түсіністік танытқымыз келеді.

Шығармада әйелдердің аянышты өмірі жүрек тебіренпей қоймайды. Басты кейіпкердің анасы тағдырдың бар ауырталығын арқалап, күйеуінің ұрып-соғуына да шыдап, кеудесінде әлсіз ғана тұтанған соқыр үміт желкесінен жетектеп, пәтерден пәтерге, бір бейнеттен екіншісіне бой ұсынып жүріп, өз үйіне де жетеді. Енді ғана төрт құбыласы түгенделгендей күй кешкенде қаралы қырғын қара түннің түндігін қайта ашқандай болады. Сол күні көппен бірге айы-күні жақындап қалған ауырлығына қарамастан, жаны шырқырап, қарсылық танытады. Оны байқаған полиция ішін тапқан әдейі ұрып, туылғанын шақалақты іште тұншықтырып өлтіреді. Осымен бірге үміт сөнеді, отбасы мүшелерінің де жақсы өмірге талпынған арман-мұраты көміледі, бір отбасының шаңырағы ортасына түседі. «Шешем мәтелдеп, «дүниенің кеңдігін қайтейін, етігін тар болса» деп отырушы еді. Сол айтпақшы, дүние кең болғанымен, етігім тар болды. Он төрт жыл бойы тар қапаста жатып, дүниенің кеңдігін сезе алмадым. Біздің отбасы ұшы-қиыры жоқ жері бар осы елден бір үй салатын ұлтарақтай жер ала алмай зарлады-ау», – дейді аты жоқ адам.

Романдағы бейкүнә құрбан – басты кейіпкердің ғашығы Әния. Әкесін түрмеден құтқарамын деп тәнін сатуға мәжбүр болады. Соның «арқасында» әкесі тұтқындалмай, екінші рет әйел алып, балалары да дүниеге келеді. Ал Әния арқыраған аждахананың аузына өзін-өзі лақтыра салады. Ақыр соңында ауруға шалдығып, қатыгез тағдыр бар сұлулығын сорып, өңіне кешірілмес өкпенің ізін қалдырады. Уәдесін орындамаған «ғашығы» он төрт жылдан кейін қайтып оралғанда бұл жеккөрініш айқын сезіледі. Бірақ ертесі бірден өмірмен қош айтысады. Тап бір соның ғана келгенін күтіп отырғандай. Бірақ бұл сонау жылғы махаббаттың үшкінынан туған сағыныштың ізі емес. Бұл Германияға сатылып кеткен перзентті өз әкесіне аманаттап, ана жүрегінің мәңгілік тыныш тапқаны еді.

Пойызда кездескен Әнияның бейнесі өзгешелеу. Оның мінезінен еркіндік сезіледі. Бірақ автор оның тағдырына тереңдемейді. Әлия тек оқиғаны байланыстырушы бейне ретінде, кейде басты кейіпкердің тас-талқан болған өміріне енген үміт сияқты көрінеді.

Романда: «Бар қазақтың проблемасы осы жерде шешілді». «Үкімет адамдары менбілемдік жасап, қарашаның үйін бей-берекет қиратып тастауға болмайтынын түсінді. Сол жолы біз қарсы тұрмасақ, Ағыраптың айналасындағы шағынауданның бәрі күрелер еді», – дейді Әнияның әкесі Қабал. Иә, бейбіт те тыныш өмір қашанда жазықсыз жандардың қанға бөккен қасіретінен туады. Бақытты ғұмырдың артында азап шеккен адам атаулының тағдыр табы жасырынып жатады. Алма-кезек ауысқан өмірдің заңы – осы.

Романда басты кейіпкердің аты мүлде аталмайды. Себебі бұл тек бір адамның басындағы қасірет емес, ағыраптың таразы тасында теңселіп күн кешкен көпшіліктің жан айқайы, арман күнді аңсап айтқан жоқтауы. Елдестің есінен айырылып, жарымжан күйге түскенде де өткен шақтың белгілері сөзі мен іс-әрекетінен көрініс табатын тұсы бар. Ғұмыр жолында көңілде қалған, тәнде талбағаннан ауырталық адам жанынан өшпейді. Жанның жарасын кеудеден ешкім суырып ала алмайды.

Сөзіміздің соңын Қанат Әбілқайырдың мына сөзімен түйіндегіміз келеді: «Біздің елді дәл қазір жұмаққа теней алмайсың, тозақта жүрміз деуге де ауыз бармайды. Мемлекетіміз сіз айттып отырған Ағырапқа ұқсайды екен», – деді. Оның тәпсірлеуіне қарағанда дамыған Батыс елдері жер бетінің – жұмағы, соғыс болып жатқан елдер – тозақ. Ал біз Ағыраптамыз! Мен ол оқырманның пікірімен мүлде келіспеймін. Қазақстан жер бетіндегі жұмақ мекенге айналуы керек. Солай боларына сенейік!»

# ТӘҢІРТАУДЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ

Жұматай ӘМІРБЕЕВ,  
ақын, Жетісу облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы:

## Әріптес әпкем еді

– 2004 жылдың маусым айында мен облыстық «Жетісу» газетіне жұмысқа орналастым. Оған дейін Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрында актер болып жүргенмін. Сол ағаларымның қолқа салып, шақыруымен ойламаған жерден журналистика деген әлемге алғаш аяқ бастым. Сол күннен бастап, Шолпан әпкеммен тек әріптес қана емес, туған бауырдай болып араласып кеттік. Мен ол кісінің анасын көрдім, 70, 75 жылдық мерейтойларында қызмет етіп, тойын басқарып, қуанышын бөлісіп, өзімнің перзенттік міндетімді өтедім. Анасының тойы туралы айтып отырған себебім, сол кезде Шолпан әпкеміз сол әулеттегі ерекше баланың бірі болғанына көзім жетті. Шолпан әпкемнің қасында жүріп, бауырға деген жанаширлық, айналасына деген кеңдік, қазақты дархандықты көрдім. Ол журналист қана емес, қазақтың қайсар, рухты қыздарының бірі болды. Олай дейтінім, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде алаңда ер-азаматтардың қатарында біздің Тәуелсіздігіміз үшін күресті. «Қазақты қазақ басқарсын!» деп ұрандатып, басынан үлкен соққы алды, оңбай таяқ жеді. Қудаланды, кейін Аллаға шүкір, ақталды. Ғұмырының қысқа болуына да сол кезде жаны мен тәніне жасасырып алған сырқат себепші болды-ау деп ойлаймын. Сол 1986 жылдың салдарынан ол қуғын көрді, оқуын тастап, ауылға қашты. Біраз жасырынуына тура келді, сөйтіп оқудан алыстап қалды. Сондай дүрбелеңдерді басынан өткеріп жүріп, кейін ағаларының қолтығына демеу, жанына сүйеу болуымен өзі армандаған журналистік жолға түсті. Осы жолдағы ол кісінің жанашир жандарының бірі – сырласы әрі ақылшы әпкесі болған, Қазақ журналистикасының қайраткері Жанкүміс Жәмеңке. Екеуі бөлінбейтін жаңғақтай еді, бір кабинетте отырды. Бірлесе үлкен жобаларды жүзеге асырды. Кейін онысын кітапқа айналдырып, оқырманға ұсынды. Бұл – Шолпан әпкеміздің қатардағы тілші емес, шынымен де қаламгер, публицист-жазушы екенін дәлелдейтін қыры.

Әпкем жайлы айтар естеліктер көп, ол кісі менің көңілімде, жан дүниемде үлкен бір сағынышқа айналып қала берді. Жаны игі жанмен қанашама сапарлас болдым, ол кезде Алматы облысы үлкен бір шаралардың алаңы болса, бір жасағы анау Хантәңірінің етегі Нарынқол, бір жасағы анау Дегерес, Суықтөбенің баурайына дейін созылып жатты. Осы алып даланы Шолпан әпкеммен бірге сан мәрте араладым. Сол сапарларда оның адами болмыс, қасиетіне қанық болдым. Анасын керемет құрметтеді. Осы Алматы мен Талдықорғанның ортасында анасы үшін шапқылап жүрді. Анасына жиі барып тұруы үшін темір тұлпарды тізіндеуді ұйғарды. Анамыз жанынан артық жақсы көретін Шолпаның өз қолымен қара жерге табыстады. Өзі кішкентай ғана апамыз Шолпан кеткенде тіпті шөгіп кетті. Өйткені, Шолпан қазақтың қара өлеңіндегі «Омыртқа ішіндегі жұлындаймын, қыз да болсам әкемнің ұлындаймын» деген бір әулеттің ұлындай, тірегіндей аяулы жан еді.

Ол журналистік қызметімен қатар, бірнеше кітап жазып, рухани қазынамызды толтырды. «Ауыл деп соққан жүрегім», «Қырық шырақ», «Сағынғанды сағындым» жинақтары оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Ал Желтоқсан көтерілісі жайлы жазған «Найзағай намыс» кітабы – қайсар қыздың қаһармандық жолының анық көрінісі. Қызметте әріптес әрі ақылшы әпкесі болған Жанкүміс Жәмеңке екеуінің бірлесе жасаған «Біздің елдің жігіттері» мен «Әкелер мен балалар» жобасы қос кітапқа айналды. Бұл – Шолпан Жүнісбайқызының қаламгерлік қуатын көрсететін тың дүниелер.

«Әлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!» деп хәкім Абайша айтсақ, қысқа ғұмырында артында ізгі іс, соны із қалдырған Шолпан Жүнісбайқызының өмірден өткеніне де онының жылға аяқ белесті.

«Жазылар естеліктер мен туралы» деп ақиық ақын Мұқағали

басында жүрген әріптес әрі қанаттас бауыры, ақын Жұматай Оспанұлының айтар естелігі өз алдына бір төбе.

Ағасы Бақыт Жүнісбайұлы: «Шолпан өте бауырмал, жанашир, көпшіл, отбасымыздың ортасынан ойып тұрып орын алар тұлға еді. Сатыда туып, ару Алматыда білім алды, еңбек еткен қарындасым ұлттың мақтанышына айналды. Небәрі 50 жасында өмірден озса да, оның жарқын бейнесі сонынан ерген ізбасарларының мәңгі жадында», – деп аяулы қарындасын еске алды.

Бүгінде көзден кетсе де, көңілден кетпеген Шолпан Жүнісбайқызын әріптестері мықты маман ретінде де қастерлейді, үлгі тұтады. Сағынышпен еске алады.

Иә, қаламы арқылы өзгелерге үлгі болып, адалдық пен адамгершілікке жол сілтеген Шолпан Жүнісбайқызының жарқын бейнесі баршаның жүрегінде жарқырап тұрары сөзсіз.

Кеген ауданы

Ата-бабамыз ежелден газет-журнал, кітапты «тасқа басылған сөз» деп әспеттеген. Осы салада қаншама адам еңбек етіп, өшпес ізін қалдырды. Солардың бірі бәл бірегейі – бұрынғы Алматы облыстық «Жетісу» газетінде еңбек еткен, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Желтоқсан көтерілісінің қаһарман қызы Шолпан Жұмаділова.

Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Шолпан Жүнісбайқызын ажал арамыздан ерте алып кетті. Егер тірі болғанда осы көктемде 60 жасқа толар еді. Ол өмірден өткенімен, оны көрген, әріптес болған жандардың шексіз құрметі, артында қалдырған мол мұрасы, жазған кітабы мен газет бетінде сақталып, мәңгілік тарихқа айналған отты мақалалары өшпек емес.

Шолпан мектепте оқып жүрген кезінен-ақ шығармашылыққа жақын болды. Алғашқы жазған хабар-ошарлары аудандық, облыстық басылымдарда жарияланды, мұның соны журналистика деген алып кеме мұхитына әкелді.

Шолпан Жүнісбайқызының өмір жолына тоқталып өтер болсақ, ол 1966 жылы 15 наурызда Кеген ауданы Саты ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Жалағаш қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін, сол ауылдағы кәсіптік-техникалық училищеді оқыды. Сатының сырбаз қызы ауылдан Алматыға арман қуып, жаңа өмірге жол сілтеді. 1984 жылы Қазақ мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне күндізгі бөлімге оқуға түсіп, оны 1991 жылы сырттай бітіріп шығады. Еңбек жолын 1987 жылы республикалық «Дәуір» баспасында бастап, 1993 жылға дейін осында корректорлық қызмет атқарды. 1993-1998 жылдары Алматы қалалық «Алматы ақшамы» газетінде корректор, 1998 жылдан бастап осы газеттің қоғамдық-саяси өмір бөлімінде тілші болып жұмыс істеді. 2000 жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетінің саясат және парасат бөлімінің тілшісі, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, өмірінің соңына дейін осы ата басылымда еселі еңбек етті.



● ҚҰРМЕТ

# КЕГЕНІМ – ӨМІРІМ, ӨНЕРІМ!



Туған жерден тұрақ тауып, жан сырын інге арқау еткен, қазақ өнеріне өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақын, сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері **Жақсылық Әбдірамановты Кеген жұртышылығы жақсы таниды. «Кегенге кел», «Кегенімді сағындым», «Мақтан етем» сынды әндері таулы өлкенің келбетін көз алдыға елестетіп, өңірден шыққан айтулы тұлғаларды еске түсіреді.**

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Кеген аудандық Мәдениет үйінде Жақсылық Шәмиұлының 80 жасқа толуына орай, «Кегенім – өмірім, өнерім» атты мерейтойлық кеш өтті. Үлкендері ардақты, ұл-қыздары жан-жақты, береке мен бірліктің тұтқасы болған елдің ерін сағынып қалғандығы сыртта жиналған адам қарасынан-ақ аңғарылып тұрды. Жылысай ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Болат Таубалдиев мерейтой иесіне ақ батасын берді. Ағайын-туыс астына әбзелді ат

мінгізді. Жиналған көпшілік Мәдениет үйі фойесіндегі кітап көрмесін тамашалағаннан кейін көрермен залына бас сұқты.

Игі шараға Жақыпжан Нұрғожаев, Омар Қықымов, Рамазан Стамғазиев, Босатқан Ұлдарбеков, Тұрсынғұл Мұқанова, Нағима Таласбаева сынды осы өңірден түлеп ұшқан айтулы азаматтар арнайы келді. Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев сазгерді құттықтап, иығына шапан жапты.

– Бұл кеш – Жақсылық ағамыздың еңбегіне көрсетілген халықтың құрметі,

– дей келе, мерейтой иесін «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Бұдан кейін Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізованың құттықтау хатын аудан әкімінің орынбасары Ерасыл Толымбекұлы табыстады. Сондай-ақ облыстық тіл басқармасының бөлім басшысы Нұрмаман Оқас «Тіл жанашыры» төсбелгісін тапсырды.

Кеш тізгінін ақын Аршын Нұрбақыт ұстады. Шара шымылдығы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Стамғазиевтің орындауындағы «Дариға-дәурен» әнімен ашылды. Өнер қайраткері ұстазы Жақсылық Шәмиұлына ыстық ықыласын жеткізді. Кеште ән мен жырдан шашу шашылып, махаббатқа толы лириканың әсем келбеті үйлеті.

Шара барысында Жақсылық Әбдірамановтың «Кегенім – өмірім, өлеңім!» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Жақыпжан Нұрғожаев, Омар Қықымов, Босатқан Ұлдарбеков, Тұрсынғұл Мұқановалар сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді.

Композитор көпшілікпен емин-еркін сұхбат құрып, әндерінің тарихы, шығармашылық кезіндегі қызықты оқиғалармен бөлісті. Мәдениет саласының өкілдері Бақытжан Құсайынов, Бахаргүл Айтбаева, Шәмші Мәжит композитор әндерін әуелете шықпады.

Аудан өнерпаздары жоғары дәрежеде өнер көрсетіп, шара соңы Мақсат Бөтеевтің орындауындағы сазгердің «Кегенге кел!» әнімен аяқталды.

Кеген ауданы

● ІЗГІЛІК

## Жүрекке жылы сыйлады

Алғыс айту – адамгершіліктің белгісі. Қарапайым ғана «рахмет» деген сөздің өзі адамдар арасындағы сыйластықты арттырады. Сондықтан алғыс айту мәдениеті кез келген қоғамда ерекше орын алады. Біздің елімізде көктемнің алғашқы күні аталып өтетін Алғыс айту күні – мейірімділік пен ризашылықтың мерекесі. Осыған орай Талғар ауданындағы №23 жалпы білім беретін орта мектептің 4 «Б» сынып жетекшісі И.Жукова тағалымды әрі әсерлі іс-шара ұйымдастырды.

сыйластыққа тәрбиелеу ортақ міндет екенін алға тартты.

Алғыс айту – адамдарды жақындастыратын, жүрекке жылу сыйлайтын ізгі әрекет. Әр адам күнделікті өмірінде өзгелердің еңбегін бағалап, ризашылығын білдіріп отырса, қоғамымызда мейірімділік басым болады. Сондықтан «рахмет» деген сөзді жиі



Мерекелік шараның басты мақсаты – оқушылардың бойындағы ризашылық сезімін қалыптастыру, үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу және еліміздегі ұлттар достығын насихаттау. Шара барысында көріністер қойылып, көрерменге алғыс айтудың мәні мен маңызы кеңінен түсіндірілді. Оқушылар алғыс айтып, өлеңдер оқып, әсерлі әндер орындады. Әсіресе ата-анаға, ұстазға және достарға арналған шынайы лебіздер көпшіліктің көңілін толқытты.

Шара соңында №23 жалпы білім беретін орта мектеп директоры Елмира Бейсембаева сөз сөйлеп, ата-аналарды мерекеміз құттықтады. Мектеп пен ата-ананың тығыз байланысы, бірлескен еңбегі – оқушының жан-жақты дамуына жол ашатын маңызды қадам екенін айтып, ынтымақтастықтың нәтижесінде сыныпта тәртіп, білім сапасы және ұйымшылдық жоғары деңгейде қалыптасатынын жеткізді. Жас ұрпақты мейірімділікке, адамгершілікке және

айтып, айналамыздағы адамдарға құрмет көрсетуді ұмытпауымыз керек. Мерекелік кеш қатысушыларға ерекше әсер қалдырды. Осындай тағалымы мол шаралар жас ұрпақтың бойында отансүйіштікті арттырып, ризашылық сезімді нығайта түсетіні сөзсіз.

**Шынар СЕРҒАЛИ,**  
№23 жалпы білім беретін орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Талғар ауданы

● ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Жыл он екі айдың ішіндегі ең қадірлі, ең қасиетті ай – Рамазан. Бұл ай мұсылман үмбеті үшін жай ғана уақыт бөлігі емес, бұл – рухани серпіліс кезеңі, жүрекке иман нұры құйылатын, күнәлар кешірілетін, сауаптар еселенетін берекелі, мүмкіндікке толы сәт.

Алла-Тағала қасиетті Құранда: «Рамазан айы – адамдарға тура жол көрсететін, ақ пен қараны айыратын дәлел ретінде Құран түсірілген ай» (Бақара сүресі, 185-аят), – деп баяндайды. Бұл аят Рамазан айының ең үлкен ерекшелігін көрсетеді. Ол – Құран айы. Сондықтан бұл айда Құран оқуға, оны түсінуге, өмірімізге енгізуге ерекше мән беру – әрбір мүмкіннің міндеті. Құран оқылған үйге тыныштық орнап, береке кіреді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) былай деген: «Кімде-кім Рамазан айында иманмен және сауаптан үміт етіп ораза ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі». Бұл хадис Рамазанның мүмін үшін үлкен мүмкіндік екенін

айқын көрсетеді. Ораза – тек аш жүру емес. Ораза – нәпсіні тәрбиелеу, сабырды шыңдау, мінезді көркемдеу. Күндіз ішіп-жеуден тыйылған адам тілін ғайбаттан, көзін харамнан, жүрегің жаман ойдан сақтағанда ғана оразаның шынайы мәніне жетеді.

Рамазан – сабыр мектебі. Аштық пен шөл адамға әлсіздігін сездіреді. Пенде өзінің Аллаға мұқтаж екенін түсінеді. Бұл айда адам шүкіршілік етуді үйренеді. Әрбір жұттың су мен бір үзім нанның қадірін түгем сезінеді. Сондай-ақ Рамазан – мейірім мен қайырымдылық айы. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Рамазан келгенде ең жомарт адамға айналатын. Бұл – бізге үлкен үлгі. Мұқтаждарға көмектесу, садақа беру, пітір тарату қоғамдағы бауырмалдықты арттырады. Аш адамның халін түсіну арқылы жүрек жұмсарады.

Рамазан түндері – ерекше түндер. Тарауық намазы – жүрекке тыныштық сыйлайтын құлшылық. Ал Қадір түні – мың айдан қайырлы түн. Алла-Тағала «Қадір» сүресінде: «Қадір түні мың

## Кешірім айы

айдан қайырлы», – деп сүйіншілейді. Бұл түн – тағдыр жазылатын, дұғалар қабыл болатын, періштелер жерге түсетін қасиетті түн. Мүмін үшін бұл – өмірін өзгертуге берілген алтын мүмкіндік. Егер біз Рамазданды шынайы ықыласпен өткізсек, ол біздің бүкіл жылымызға әсер етеді. Рамазан – бір айлық мектеп. Ал оның жемісі он бір ай бойы көрінуі керек.

Қорытындылай келе, Рамазан – кешірім айы, мейірім айы, Құран айы, сабыр айы. Бұл – жаннатқа жақындататын ерекше мүмкіндік. Әрбір мүмін осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Алланың разылығына жетуге ұмтылуы тиіс. Алла-Тағала баршаұмызға Рамазанның берекесін сезінуді, орамыз бен намазымызды қабыл етуді, Қадір түнінің сауабынан құр қалдырмауды нәсіп етсін!

**Абзал ҚАЙРАТУЛЫ,**  
«Досалы баба» мешітінің имамы  
Текес ауылы,  
Райымбек ауданы

● ЖАРАЙСЫҢ!

Қызылорда қаласында бокстан жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан чемпионаты Райымбек ауданы ауылының тұрғындарына зор қуаныш сыйлады. Атап айтқанда, ел біріншілігінде бабын сынаған Еркеназ Ерболқызы чемпион атанып, туған ауылына жеңіспен оралды.

## Жеңіспен оралды



● Жұмабек ТҰРДИЕВ

Еркеназ – Сүмбедегі Абай атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы. Ауылдағы заманауи үлгідегі спорт кешенінде бокспен айналысып жүргеніне 2-3 жылдың жүзі болды. Ол – ерлі-зайыпты Қалқаман Ізбасар мен Аида Қожанның шәкірті. Жаттықтырушылары кішкентай қыздың бойындағы ерекшелікті дер кезінде аңғарып, оған айрықша көңіл бөлген.

Еркеназ осыған дейін Орта Азияның даңқты қолбасшысы Жалаңтөс Бабадүр атындағы достар VI республикалық турнирінде жүлделі бірінші орын, кәсіпқой бокстан әлем чемпионы Феруза Шәріпованың жүлдесіне арналған турнирде екінші орын алса, қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділовті еске алуға арналған халықаралық турнирде де жеңімпаз атанды. Ал Сыр бойында өткен осы жолғы жарыста 70 келі салмақ дәрежесінде қарсыласының бәрін айқын басымдықпен ұтып, Қазақстан чемпионы деген абыройлы атақпен бірге алдағы уақытта өтетін Азия чемпионатының жолдамасын да иеленді. Ауыл тұрғындары үшін бұл қуаныштың ерекшелігі де осында.

Жеңіспен оралған боксшы қызды тұрғындар, ұстаздар мен оқушылар, спортшылар ауылға кіреберіс қақпада зор құрметпен қарсы алды. Чемпионға арналған салтанатты жиында қуанышқа ортақтаса келген Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Дидар Мұқаметжанов сөз алып, Еркеназ Ерболқызын аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар чемпионның жаттықтырушысы Аида Қожанға, ата-анасы Ербол мен Сандуғашқа аудан әкімдігі тарапынан сый-сияпат көрсетілді. Салтанатты шарада ауыл тұрғындары – Тұрлыхан Алжанбаева, Бекзат Нұрбеков, Ермек Қабылбеков алтын қызға алғыстарын айтып, ризашылығын білдірді. Алда өтетін айтулы бәсекеде жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдірді. Ауылдағы жасы үлкен Қуатқұл қария ақ батасын берді.

Райымбек ауданы

● БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

## Сау тіс – денсаулық кепілі

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Денсаулық сақтау министрлігі мектеп жасындағы балалар арасында стоматологиялық аурулардың алдын алу үшін Жол картасын әзірлеп, бекітті. Жаңа жоба аясында 2028 жылдың соңына дейін республика мектептерінде 987 стоматологиялық кабинет ашу жоспарланған.

Оның ішінде Қарасай ауданы да бар. Өткен жылы Жармұхамбет ауылындағы №2, Б.Сокпақбаев, Б.Қосынов және Қарасай батыр атындағы орта мектептерде тегін стоматологиялық кабинет іске қосылды. Біз жуырда Жармұхамбет ауылындағы білім ошағына арнайы барып, тіс емдеу кабинетінің жұмысымен жақынырақ танысып қайттық.

Мектеп директоры Мөлдір Есбатырованың айтуынша, стоматология кабинеті былтыр желтоқсан айында ашылған. Қазір мұнда тіс емдеу саласында 30 жылдан астам тәжірибесі бар кәсіби маман Жұлдыз Байсабаев және медбике Айгүл Мәуленова қызмет көрсетуде. Сонымен қатар олар стоматологиялық аурулардың алдын алу бойынша фото және бейнематериалдарды қолдану арқылы ашық сабақ, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Стоматологиялық кабинетте мамандар тіскегі секілді жеңіл ауруларды емдейді. Барлық ем-дом ата-ананың рұқсатымен ғана жасалады. Егер балада тіскегінің күрделі түрі – пульпит, тіс инфекциясы секілді жағдай байқалса, өзі тіркелген емханаға жіберіледі.

– Білім ордаларында стоматологиялық кабинет ашудың мақсаты – мектеп жасындағы балалардың тістерін бақылау. Бұл – өте маңызды, себебі тіскегі асқынса гастрит, панкреатит және миокардит сияқты ауруларды тудыруы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысының қолдауымен осындай жақсы жоба жүзеге асып жатқанына қуаныштымын, – дейді тіс дәрігері Жұлдыз Өшірбайұлы.

«Болашаққа – сау тіспен» бағдарламалық балалардың денсаулығын нығайтуға, жасөспірімдер арасында профилактикалық медициналық көмекті дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға елеулі үлес қосып отыр.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ  
Қарасай ауданы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі «Алматыоблсуар» ШЖҚ МКК тариф пен тарифтік сметаны бекіту жөніндегі өтінімі бойынша 2026 жылғы 13 наурыз, сағат 11:00-ге тағайындалған қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 20 наурыз күні сағат 12:00-ге ауыстырылғанын хабарлайды.

Өтетін орны: Алматы облысы, Талғар қаласы, Д.Қонаев көшесі, 65. Тыңдаулар сондай-ақ министрліктің Facebook желісі арқылы тікелей көрсетілетін болады.

Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Министерство водных ресурсов и ирригации РК сообщает, что публичные слушания по заявке ГКП на ПХВ «Алматыоблводхоз» на утверждение тарифа и тарифной сметы, ранее назначенные на 13 марта 2026 года в 11:00, переносятся на 20 марта 2026 года в 12:00.

Место проведения: Алматинская область, г. Талғар, ул. Д. Кунаева, 65. Слушания также будут транслироваться в Facebook Министерства.

Приносим извинения за неудобства.

27.03.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан «Базальт» базальт кен орнында жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Bazalt Stone» ЖШС, : 250140009324, мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылы, Тұтыну кооперативі «Есік-Береке» БҚ, Аллеса, 2, 78-үй, тел: 87775870009, сек 2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысауға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 27.03.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий операций недропользования на месторождении базальтов «Базальт», расположенном в Талғарском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Bazalt Stone», БИН: 250140009324, адрес: Алматинская область, Еңбекшіқазақский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есік-Береке», Аллеса, 2, дом 78, тел: 87775870009, сек 2906@mail.ru.

Ознакомление с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.



● МҰҚАГАЛИ – 95

«Тау ұлымын! Тау менің дәу бесігім» деп жырлаған Мұқағали ақынның табиғат өзі сомдаған таудағы тас мүсінін көріп, таза ауамен тыныстау үшін ертемен Шелек ауылына жетіп, сөгетілік Мұхамед доспен Көкпек шатқалын бетке алып, жолға шықтық.



# АҚЫННЫҢ ТАУДАҒЫ МҮСІНІ

Айналы кою тұман басқанымен, күн сәскеге көтеріле аспан ашыла бастады. Көкпек сайының ішінен қарағанда пирамидадай үшкір тау жоталары көгілдір түске малынып тұрғандай көрінеді. Жол талғамайтын көлікпен сайдың шығар тұсына такалғанда көтермеден онға бұрылып, оншақты шақырым жүрген соң Бартоғай су қоймасын айналып өтіп, Ителгі сайымен жоғары көтеріліп, Алабайтал тауының Асы жайлауы мен Сарытауға асатын тұсына жеттік. Осы жерден Мұқағали ақынның табиғи мүсіні көрінді. Бұл тау мүсіні маған:

Тік тұр ол,  
Қырын қарап сай-салаға.  
Күн көркі, көк мекені, ай шағала.  
Қалғмай қанша жылды өткерді екен,  
Тәкаппар Тянь-Шаньдағы қайсар аға? – деп Хантаңірі шыңына қарап олең оқып тұрған Мұқағали ақын бейнесін елестетті.

Бұл тау мүсіні алғаш тапқан бүгінгі жолсерігім Мұхамед Бәйтбайұлы Исабеков болатын. Оның да азан шақырып қойған аты Мұхамедқали еді. Жас балаға пайғамбардың аты ауыр болады деп ата-анасы мен ауылдастары «Мүлік» атап кетіпті. Мұхамед Исабеков 1957 жылы 2 мамырда дүниеге келген. Білімі – жоғары. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының үлгісі. Мамандығы – зооинженер әрі этнограф. Экспериментальды биология институтында және Қазақ балық аулаушылар одағында жұмыс істеген. Қазір – зейнеткер. Табиғат сырларын жетік білетін маман ретінде қол қусырып отыра алмайтын азаматтың бойында ұрпақтан-ұрпаққа ата-баба қанымен берілген қазақтың бекзат қанері – құсбегілік, саятшылық сияқты ерекше бір қасиет бар. Талай жарыстардан жүлдемен оралып жүрген Мұхамедтің ұлы Өмірхан Бәйтбайдың баптаған қаршығасы мен бүркіт жүйірде Өскемен қаласында өткен халықаралық құсбегілер жарысында тағы да бас бәйгені иеленді.

Токсаныншы жылдардың соңына дейін қыран бүркіт баптап, құмай тазы жүгіртіп, жүйірік ат жаратумен айналысқан Исабековтер әулеті 2003 жылы Сөгеті ауылында «Саятшы»

құсбегілер клубын құрып, «Жеті қазына» мұражайын ашқан. 2007 жылы інісі Бекмұхамедқали Исабеков мен туысы Әбілхак Тұрлыбаев үшеуі Біріккен Ұлттар Ұйымының жобасына қатысып, сол ұйымның шақыруымен Англияда өткен дүниежүзілік құсбегілер жарысында өнер көрсетіп, қазақ елінің Көк Туын желбіретіп, Әнұранын әулеткен. Саятшы жігіттер кейіннен БҰҰ жанындағы «Бүркіт» атты қордан 2 жылдық ауқымды жоба грантын ұтып алған. Жоба бойынша қыста бүркіттерді еселке алып, ұяларын тіркеген, бүркітшілерге дүрбі таратып, еттері бұзылып кетпес үшін тоназытқыш алып беріп, бүркіт балапандарына сақина салған және құстарды азықтандыру сияқты жұмыстар жүргізген.

Бұрынырақ Мұхамедтің 7 жасар қызы дүниеден өткен еді. Қызының қайғысы қабырғасын қайыстырып, есінен шықпай жүрген Мұхамед бірде таңға жуық түс көрген. Көкпектегі Жүрек тауына барғанда қағбағастың жанында тұрған нүктені көзі шалады. «Бұл не? – деп дұрыстап қарасам, қызым қайтыс болғанда жылап тұрған өзімді көрдім. Кенет «Ей, қызталақ, бос кеуде, боркемік неме екенсің ғой, қызығы тайып, қызы өлген жалғыз сен бе бұл маңда?» деген Мұқағали ағаның өз дауысын естідім. Жалт бұрылып жауап берем дегенше Мұқағали аға тау мүсінге айналып кетті. Оянасам, түсім екен, неге жорырымды түсінбей, кімге айтарымды білмей дал болдым», – дейді Мұхамед. Содан кейін арада біраз уақыт өткен соң «Бүркіт» жобасы бойынша Зоология институтының мамандарымен бірге шетелден комиссия келеді. Олар қолға алынған жұмыстарды тексеріп қайту үшін тауға барып, бүркіт ұяларын көреді.

«Әр бүркіттің аңға шығатын аумағы, ұяларының ара қашықтығы шамамен

5 шақырым болады екен, біздікі одан жиірек орналасыпты. Олар біз істеген жұмыстар мен көрсеткен ұяларға қатты таңғалды. Суретке түсіріп, бейнетаспаға жазып алды. Келесі бір ұяны көрсетіп, төмен түсіп келе жатқан кезде мен түсімдегі Мұқағали ағаның тау мүсінін көзім шалды. Жанымдағы Зоология институтының мамандары Сергей Склеренко, Андрей Коваленко, тағы басқа жігіттерге: «Мынау қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың табиғи мүсіні ғой», – деп дауыстадым. Олар: «Сен неге эмоцияға беріліп, таңырқап тұрсың» деп мені дұрыс түсінбеді», – дейді Мүлік Исабеков.

Мұхамед ауылға келген соң жігіттерді жинап, сол жерге қайта барған. Қара мәрмәр тасқа «Қазақ халқының ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың табиғи мүсіні. «Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам, Кім құмартса өзі көрсін көзімен». Мұқағали», – деп жазды.

Бәрі дайын болған соң, ол ақын Бақыт Белделханға жолығып, мән-жайды түсіндіреді. Ендігі шаруаны өз мойнына алған Бақыт Жұлдыз Мұқағалиұлы мен ақынның нағашысы Нұрбол Құтпабаев және «Қазақстан» телеарнасының журналисі Жаңыл ханымды түсіру тобымен таудағы тау мүсінге апарды. Келген қонақтар не айтар екен деп қобалжып жүрген Мұхамедтің әпкесі Динара Серікбаева: – Аға, мына тау мүсінін әкеңізге ұқсай ма? – деп сұрайды.

– Құдай-ау, әкеме қатты ұқсайды, әкем табиғатты сүюші еді, табиғат та әкемді сүйеді екен ғой, ары-бері өтіп жатқан халыққа сәт-сапар тілеп, тура Хантаңіріне қарап тұрғанын қарашы! – деп Жұлдыз аға толқып кеткен.

Арқасынан ауыр жүк түскендей болған Мұхамед «Қазақстан» телеарнасына сұхбат беріп, қарлығаштың қанатымен су сепкендей сауапты іс жасаған.

Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ  
Еңбекшіқазақ ауданы

● «DIGITAL QAZAQSTAN – 2026»

Қонаев қаласындағы «Alatau hub» инновациялық орталығында «Digital Qazaqstan – 2026» республикалық байқауының жарымылай финалы өтті. Сайыстың мақсаты – жасанды интеллект пен жаңа технологиялардың түрлі салада тиімді қолданылуына жол ашып, стартаптарға қолдау көрсету. Биыл алғаш рет өткізіліп отырған шараны Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, «Astana hub» технопаркі және оның өңірлік филиалдары бірігіп ұйымдастырған.

## Жарқын жобаға жол ашқан

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Жартылай финалға облыстағы 12 жобаның ішінен бесеуі іріктеліп алынған. Қатысушылар өз стартабын сарапшыларға таныстырып, ерекшелігін түсіндірді. Бақытжан Ыбрашев ұсынған «TimeTeacher» – оқушылардың сабаққа қатысуын автоматты түрде тіркеу және анонимді кері байланыс арқылы оқушы, мұғалім және ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға арналған бағдарлама. Эди Тайыр Рапқаттың «Balasagun AI Robot» жобасы жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін меңгеруге көмектеседі. Жамай Кенжехан таныстырған «Robospark.kz» Arduino, Lego Mindstorms, Micro:bit және 3D-басып шығару технологиялары негізінде студенттерді робототехника, бағдарламалау мен механика негіздеріне үйретуге бағытталған. Мұхит Махмұттың «AI TNV» стартабы тауардың штрихкоды арқылы халықаралық стандарттарға сай атауын автоматты түрде анықтайды. Жобалардың ішінен үздік шыққаны – Азамат Нұрланұлының «zhihaz.kz» қосымшасы. Бұл – жиһазды онлайн, қауіпсіз әрі жылдам тапсырыс беруге арналған цифрлық платформа. Оны дайындауға үш ай уақыт кеткен. «Astana hub»-тың «Startup4D» бағдарламасына қатысып, пайдаланушылар арасында таныла бастаған.



– Жобаны әзірлеу кезінде жиһаз дайындау және оны сату барысын зерттеп, нарықтағы ерекшелігін, негізгі мәселелерін талдадық. Қазір әртүрлі салада заман талабына сай өзгерістер енгізілуде. Бірақ бұл бағытта цифрлық бастамалар жоғын байқадық. Біз қызмет көрсету сапасының жоғары болуын басты назарға алдық. «Zhihaz.kz» онлайн сатып алу кезінде жиі кездесетін алаяқтықтың алдын алуға әрі оңай тапсырыс беруге көмектеседі. Ол үшін ұнаған жиһаздың суретін немесе дизайнын бағдарламаға жүктеу керек. Соған сай өндірушілер ұсыныс жібереді. Тапсырыс беруші пікірлерге, бұрын жасалған жұмыстарға және дайын жиһаз үлгілеріне қарап таңдау жасайды. Содан кейін баға мен тапсырыстың орындалу мерзімі келісіліп, арнайы келісімшарт жасалады. Сатып алушы жиһаздың жасалу барысын фотоесеп арқылы бақылай алады. Ең бастысы – жиһаз жеткізілгенше сатып алушының ақшасы платформада сақталады. Кейін тауардың тапсырысқа сәйкес келгенін растағаннан кейін ғана қаражат өндірушіге аударылады», – деді жөнімпаз.

Алдағы уақытта «zhihaz.kz» жобасы байқаудың финалдык кезеңінде бақ сыйайды. Жарыстың өңірлік кезеңі еліміздің 20 аймағында өткізілуде. Топ жарып үздік деп танылған стартаптар 27 наурыз Шымкент қаласында өтетін «Digital Qazaqstan» форумында бәсекеге түседі.

ТАҒЫЛЫМ ТАМШЫЛАРЫ

### Бақыттың кілті

Шағын бір қалашықта екі отбасы көрші тұрды. Бір үйдегі ерлі-зайыптылар күнде айғай-шу шығарып, жолдарының болмауын бірінен-бірі көріп, ұрсысып жатады екен. Бірге тұрғандары болмаса, ит пен мысыққа ырылдасып, дауыстары далаға естілетін көрінді.

Ал келесі үйден сыртқа тек сыңғырлаған күлкі мен әдемі әуен ғана естіледі. Бұл шаңырақтағы ерлі-зайыптылар үнемі қол ұстасып, құшақтасып жүріпті. Олардың бір-біріне қабақ шытқандарын да ешкім көрмеген. Көршілерінің мұндай бақытына қызғана қараған долы әйел күйеуіне:

– Мына үйге барып, олардың бақытының сырын біліп кел, – деп бұйырыпты. Жігіт көршісінің үйіне ұрлана кіріп, бір бұрышқа жасырынады. Ал ыңылдап әнін айтып, жиһаздардың шаңын сүртіп жүрген әйел оны байқамай да қалады. Әйел қолына қымбат құмыраны алып, сүрте бергенде телефон шырылдайды. Ол құмыраны үстелдің шетіне қоя салып, басқа бөлмеге жүгіріп кетеді. Сол уақытта жоғарғы қабаттан асығыс түскен күйеуі байқаусызда үстелдің шетінде тұрған құмыраны құлатып, сындырып алады.

«Міне, айғай басталды! Қымбат дүниені сындырды ғой!» деп ойлап, әлдененің басталатынына шүбәсіз сеніп, күтіп отырған көрші жігіт өзі мүлде күтпеген оқиғаға куә болады. Әйелі күйеуіне:

– Кешірші мені, қымбаттым! Мен кінәлімін. Асығып, үстелдің шетіне қоя салып едім, – дейді.

– Бұл не дегенің, сүйіктім?! Мен кінәлімін. Асығып жүріп, құмыраны байқамай, қолым тиіп кетті. Қой, болды. Ештеңе етпейді. Өзіміз аманбыз ғой, – дейді.

Бұл көрініске куә болған көрші жігіт үйіне жүрегі ауырып, әрең келеді. Әйелі:

– Неге сонша жоғалдың? Білдің бе олардың бақытының сырын? – деп сұрайды сабырсыздана айғайлап.

– Иә!

– Ендеше, айтсаңшы! Нені күтіп тұрсың?

– Олардың қарым-қатынасы біздікіндей емес, мүлде басқаша екен. Біз кінәні бір-бірімізден іздесек, олар кінәні тек өздерінен іздейді екен, – депті.

PS: Отбасы бақыты сыйластықта. Сыйлай біліңіз, сыйлы болыңыз!

Дайындаған – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

## ЖӘДІГЕР

### Көненің көзі

«Есік» музей-қорығында Еңбекшіқазақ ауданы Қаратума қорымының №48 обасынан табылған, біздің заманымызға дейінгі III-II ғасырларға тән екі дана білезік сақталған.

Әшекейлер қоладан құйылып жасалған. Ұштары тұйықталмаған жарты шеңбер болып келеді. Беті зеңжармен жабылған. Ұзындығы – 6,5 см, ені – 5,3 см, сымның көлденең қимасының диаметрі – 0,3 см.

Білезікті ерте қоштелілер қола, алтын, күміс сынды металдар мен сүйектерді өңдеп жасаған. Халық ұғымында сәндік көркемдігімен қатар, діни зұрыптық наным-сенім бойынша білезік тіл-көзден қорғайды деп есептелген. Ғалым, этнограф, зерттеуші Зира Наурызбайдың деректеріне сүйенсек, әшекей ағзаның қорғаныс күштерін нығайтып, жүйке жүйесін қалпына келтіруге, буын ауруларының алдын алуға ықпал етеді.

Қорыта келе, көне заманнан тамыр тартатын зергерлік өнерімізді бабалардан қалған өнеге мен аманат ретінде бағалап, ұлттық эстетикалық мұрамызды келер ұрпаққа жеткізу – бәріміздің ортақ парызымыз.



Нүргүл МҰКЕЕВА,

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
Алматы облысының әкімдігі  
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:  
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:  
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:  
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:  
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:  
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет алтасына үш рет – сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Обсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.  
Тапсырыс – 278

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ